

**Ұлан ҚАЖЫКЕН,**
*Алматы қаласы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы:*

**«БАСТЫ МІНДЕТ – ЖАЛҒАН ЕСЕППЕН КҮРЕСУ, БЮРОКРАТИЯНЫ БОЛДЫРМАУ»**

*4-бет*



**МӘМІЛЕНІ ҚОЛДАНУ АЯСЫ АЛУАН ТҮРЛІ**

*6-бет*



**ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН МАХАББАТ**

*8-бет*


# ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru

№17 (3548) 3 наурыз 2023

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет


БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# МЕЙІРІМ ӘЛЕМДІ ҚҰТҚАРАДЫ



**Қоғамдағы депрессивті көңіл-күй тұтастай бір ұлттың құлдырауына әкеледі. Әлемдік тәжірибе осы себептерді де негізге ала отырып қоғамдағы психология, әлеуметтану салаларын дамытуға күш салады. Бұл салалардың өзектілігі бүгінгі таңда қазақ қоғамында да қатты сезілуде. Кез келген адам, оның ішінде жастар мен жасөспірімдер белгілі бір уақыт аралығында тиісті мамандар көмегін қажет етеді. Өтпелі кезеңдердегі мұндай көңіл-күйлер оларды әртүрлі қиындықтарға душар етіп жатады. Осы ретте, мемлекет, одан берідегі ортасы мен отбасы депрессивті күйге түскен баланы қиындықтан шығаруға жұмыс істеуі тиіс.**

*(Соңы 3-бетте)*

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

**Қанат ЖҰМАБАЙ,** *Халықаралық адам құқықтарын қорғау комитетінің Қазақстандағы уәкілдігінің кеңесшісі:*

## САЙЛАУ - ӨЗІН ДЕПУТАТ РЕТІНДЕ КӨРГІСІ КЕЛГЕН АЗАМАТТЫҢ САЯСИ ҚҰҚЫҒЫ

**– Халықтың билікке деген сенімін Мәжіліс пен мәслихат сайлауы көтере ала ма?**

– Сайлау – өзін депутат ретінде көргісі келген азаматтардың саяси құқығы. Депутаттар да билік өкілі. Оларға халық сенім білдіріп, дауысын береді. Басым дауыс алғандар Мәжілісте не мәслихатта депутаттық мандатқа ие болады. Кез келген билік өкілінің қоғам қайраткері ретіндегі парызы әрбір сөйлеген сөзі, істеген амалы елге, жерге, тілге, дінге, дәстүрге қайшы келмеуі керек. Кей жерде елдің қауіпсіздігі, тыныштығы үшін кейбір шындықтар айтылмайды. Ол саяси жағдай. Заңгерлер құқықтық пен саяси ахуалдың аражігін ажырата білу керек. Ұстазым, марқұм Серік Әбдірайымов «нағыз заңгер елдің саяси, әлеуметтік, экономикалық, құқықтық ахуалын тамыршыдай дөп басуы керек» дейтін. Яғни, тамыр қалай соғып тұр деп, оның мән-жайын түсіне білу керек. Депутат болам деген адам осыған мән беруі тиіс. Елдің аманатын арқалап барған соң өз мүддесінен халықтың мүддесін жоғары қою керек. Аз адам әрқашан көпшілікпен санасады. Сайлаушылардың сенімін ақтап, көңіліне кілтипан келтірмеу үшін, құқығын қорғау үшін барлық шынайы амалды жасауы шарт. Ащы шындық әрқашан қолайлы бола бермейді. Ол өзінің межесіне жете алмаса, елдің бірлігіне, қауіпсіздігіне қауіп төндіретін болса, ондай шындықтың бізге қаншалықты қажеті бар?

**– Құқықтық мәдениетті қалыптастыру үшін не істеу керек?**

– Құқықтық мәдениетті қалыптастыру отбасынан, балабақша мен мектеп табалдырығынан басталады. Құқықтық мәдениет – әр азаматтың қоршаған ортаға құрметпен қарап, көбірек пайдасын тигізуі. Демек, оның санасы да, сезімі де дұрыс, мәдениеті де жоғары болады.

**– Құқықтық саясатты жүзеге асыру шараларына көңіліңіз тола ма?**

– Құқықтық саясатты мектептен қалыптастыру маңызды. Конституцияны, оның нормаларын дұрыс түсіндіре білу қажет.

*(Соңы 5-бетте)*

МІНБЕР

# АЛҚАБИЛЕР ҚАРАЙТЫН ІСТІҢ АРНАСЫ КЕҢЕЙДІ

**Қоғамдағы тепе-теңдікті дәл ұстап, азаматтардың құқығы мен бостандығын сақтауда құқықтық жауаптылықтың орны ерекше. Әрине, құқықбұзушылық болған жерде оның жауаптылығы да болуы керек. Ал қылмыстық жазаны белгілеген кезде заң мен арды қатаң ұстап, ішкі түйсікке, қылмыс жасаушының әрекетін жан-жақты сараптауға барынша назар аудару маңызды. «Жамандықты жазаламаған адам оның жасалуына жәрдемдеседі» деген екен Леонардо да Винчи. Демек, қылмыс үшін жаза тағайындау әр адамның сот процесіндегі ең күрделі, маңызды және негізгі міндеті.**

Елімізде азаматтардың құқын заң аясында әділ қорғау үшін шынайы сот төрелігін жүзеге асыруға барлық жағдай жасалған. Оның үстіне, ел дамуындағы экономикалық, демократиялық жетістіктер мен өскелең заман талабы сот төрелігін жүргізуде тың үлгілерге жол ашты. Жаңа реформалар, жетістіктер, тәжірибелер мен талаптар уақыт өткен сайын жаңартылып келеді. Сот төрелігіндегі кейінгі енгізілген реформалардың бірі – алқабилер сотын қағидатты қадам деуге болады.

Алқабилер сотында арнайы іріктелген адамдар істің нақты мән-жайларын бағалап, шешім шығарады. Азаматтық қоғам мен мемлекет үшін бұл институттың құндылығы зор.

Алқабилердің қатысуымен өткен сот процестеріне шолу жасасақ, құзырлы органдар жүргізген тиісті тексеруден кейін әрбір алқаби мүшесі сот басталар алдында ант қабылдайды. Олар өздерінің ішкі нанымы бойынша шешім шығарады. Сотта қаралатын дәлелдемелерді зерттеуге, сотқа қатысушыларға судья арқылы сұрақтар қоюға, сот отырысында істің жария етілген мазмұнымен танысып, түсініксіз мәселелер бойынша сауалдар беруге құқылы. Сот ісінде жариялылыққа, тәуелсіздікке қол жеткізу бағытында дүниеге келген алқабилер институтының ең басты ерекшелігі олар кеңесу бөлмесінде бірқатар маңызды мәселеге айрықша назар аударады: әрекеттің орын алғаны нақты дәлелденді ме, бұл әрекетті сотталушының жасағаны расталды ма және бұған сотталушы кінәлі ме? Міне, осы сауалдар арқылы сотталушының кінәлілік дәрежесі анықталып, соған сәйкес айыптап соттауға немесе жауаптан босатуға шешім қабылданады.

Алқабилер сотында сот тәуелсіздігі, кінәсіздік презумпциясы, тараптардың теңдігі және жарыспалылық қағидаты сақтала отырып, ар-ождан таразысы арқылы адамдардың тағдыры шешіледі. 2007–2009 жылдар аралығында алқабилер өлім жазасы мен өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалатын аса ауыр қылмыстық істерді қарады. Сол кезде алқабилердің қарауымен елімізде 50 іс таразыланған. Ал, 2010–2012 жылдар аралығында алқабилер қарайтын істер санаты кеңейіп, нәтижесінде он есеге өсті.

2023 жылы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енген 2019 жылғы 27 желтоқсандағы заң аясында алқабилер соты қарайтын істер тағы 16 құрамға көбейтілді. Осы ретте келесі жылы орын алатын өзгерістерді де атап өткен жөн. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев былтырғы жолдауында сот жүйесін демократияландыру және оған қоғамның сенімін арттыру мақсатында арнайы бірқатар тапсырма берген болатын.

*(Соңы 2-бетте)*

МІНБЕР

# АЛҚАБИЛЕР ҚАРАЙТЫН ІСТІҢ АРНАСЫ КЕҢЕЙДІ

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

Соған сәйкес, Жоғарғы Сот «Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне сот алқабилердің қатысуымен қарайтын істер санаттарын кеңейту бойынша өзгерістер енгізу туралы» заң жобасын әзірлеп, ол желтоқсанда қабылданды. 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енетін бұл заңға сәйкес, тек аса ауыр қылмыстар ғана емес, тағы 13 ауыр қылмыс құрамы алқабилердің қарауына өтпек. Сөйтіп биылдан бастап қылмыстың 35 құрамы, келер жылдан бастап 44 құрамы бір судья және он алқабидің құрамымен қаралуы мүмкін.

Оның ішінде адамның дене мүшелерін заңсыз алу, азаптау, рейдерлік әрекет, медициналық қызметкердің әрекетінен абайсызда екі не одан да көп адамның өліміне әкеліп соқтыру, ауыр салдарға әкелген балық пен басқа да су жануарларын заңсыз аулау, ауыр салдарға әкелген заңсыз аң аулау, көлік құралын басқарғанда абайсызда екі немесе одан көп адамның өліміне әкелген жол-көлік оқиғасы, көлік құралын мас күйде басқарып, екі немесе одан да көп адамның өліміне әкелген жол-көлік оқиғасы, көлік құралын басқару құқығынан айырылған жағдайда және мас күйде көлік басқарғанда адамның өліміне әкелген жол-көлік оқиғасы сияқты істер де қаралатын болады.

«Алқабилер туралы» заңға сәйкес, алқабиге кандидаттар тізімін жергілікті атқарушы органдар қалыптастырады. Енді 2023 жылғы 1 шілдеден бастап алқабилер тізімін бірыңғай дерекқорға енгізуге қатысты ереже күшіне енеді. Мұнда кандидаттар тізімін автоматтандыруға бағытталған өзгерістер қарастырылған. Бұл алқабилерді жедел әрі объективті іріктеуге бірден бір септігін тигізіп, соттардың бұл бағыттағы жұмысын ілгерілетеді деп күтеміз.

Алқабилер қарайтын істер санатын кезең-кезеңімен ұлғайту – сот реформасына, сот жүйесін демократияландыруға, жалпы сот жүйесіне деген сенімді арттыруға бағытталған.

Қорыта айтқанда, алқабилер институтын одан әрі дамыту, алқабилерге кандидаттарды сотқа дейін іріктеу, кандидаттар тізімін сапалы жасақтау, сондай-ақ, хабарландыру жүйесіне, тұрғындармен ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуге барынша көп көңіл бөлініп отыр. Алқабилер қоғамның сотқа деген сенімін едәуір арттырады: азаматтар сот істерін халық өкілдері қарайтынын білсе, үкім заңның қатып қалған нормаларына емес, моральдық нормаларға, адамгершілік құндылықтарға жақынырақ болатынына сенеді.

**Азат ИЗБАСАРОВ,**
**Батыс Қазақстан облыстық сотының алқа төрағасы**

АЛТЫН КӨПІР

**Судьялардың біліктілігін көтеру, шеберлігін шыңдау мәселесіне Жоғарғы Сотта ерекше көңіл бөлінеді. Осыған орай Жоғарғы Сот тарапынан судьялардың білімін жетілдіріп, тәжірибесін арттыруға бағытталған дәрістер тұрақты өткізіліп тұрады. Сонымен бірге, соңғы жылдары судьялардың шетелдердегі озық сот практикасымен танысып, әріптестік байланысты нығайтуына да кең жол ашылған. Осы мақсатта қазақстандық судьялар делегациясы Германияның Висмар университеті жанындағы Шығыс институтының жазғы мектебіне барып, әкімшілік әділет институтының қыр-сырына қанығып, біліктілігін көтеріп қайтқан еді.**



# ГЕРМАНИЯ САПАРЫНАН ҮЙРЕНГЕНІМІЗ КӨП

Әкімшілік әділеттің біздің елімізде қолданысқа енгізілгеніне екі жылға жуықтады. Әкімшілік әділетті жандандыруда 2021 жылдың 1 шілдесінде қабылданған Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің маңызы айрықша. Жария-құқықтық дауларды таразылауда қазақстандық судьялардың германиялық әріптестерден үйренері көп. Өйткені, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексті қабылдағанда қазақстандық заң шығарушылар Еуропа елдерінің тәжірибесіне сүйенген. Соның ішінде, Германияның сот жүйесі арнайы тәуелсіз әкімшілік соттардың болуымен сипатталады және олардың тәжірибесі әлемдегі ең сәтті тәжірибе деп саналады. Ал біздің делегация осы әлем мойындаған озық тәжірибенің қыр-сырын толық зерделеп қайтуды мақсат еткен болатын.

Висмар университетінің жанындағы шығыс институтында әкімшілік құқықтық жазғы мектептің өте нәтижелі, әрі ақпаратқа бай болғанын айта кеткеніміз жөн. Мұнда бізге жария-құқықтық дауларға қатысты терең зерттеулер жүргізіп, осы саланың жоқ-жітігін түгендеп жүрген мамандар мазмұнды сабақ өткізді. Соның ішінде Берлин-Бранденбург федералдық жерінің жоғары әкімшілік сотының бұрынғы төрағасы, қазіргі доғарыстағы судья Юрген Кипптің әкімшілік сот өндірісіне байланысты шеберлік сағаты өте жоғары деңгейде өтті. Ал Висмар университетінің профессоры Андреас Штайнингер «Әкімшілік рәсімдердің дамуы» тақырыбында мол мағлұмат берді. Халықаралық ынтымақтастық жөніндегі Герман қоғамының (GIZ) «Орталық Азия елдеріндегі құқықтық мемлекеттілікке көмектесу» өңірлік бағдарламасының директоры Йорг Пуделько – әкімшілік әділет тақырыбын жетік білетін, жан-жақты зерделеп жүрген маманның бірі. Содан болар, жазғы мектептегі маманның ізденуімен өткен «Шешім қабылдаудағы әкімшілік органдардың еркіндігі, оның шегі мен әкімшілік әрекеттің формасы», «Әкімшілік актке қатысты негізгі түсінік», «Әкімшілік актінің орындалуы» деген тақырыптарды өзек еткен дәрістерінің қазақстандық судьяларға берері мол болды. Сондай-ақ, «Орталық Азия елдеріндегі құқықтық мемлекеттілікке көмектесу» өңірлік бағдарламасының Қазақстандағы үйлестірушісі Алмат Ғаббасовтың тәжірибелік сабақтарына да қызығушылық жоғары болды.

Жетекші сарапшы Александру Тэнасенің дәрістері де мәліметке бай, құндылығы жоғары болғанын айта кетуіміз керек. Өз ісін жетік білетін маманның тәжірибелік сабақтары ойын түрінде өріліп, оқылған дәрістерді тез есте сақтауға, теорияны тәжірибемен ұштастыруымызға үлкен септігін тигізді.

Сондай-ақ, екі аптаға жоспарланған тәжірибелік сабақта «Орталық Азия елдеріндегі құқықтық мемлекеттілікке көмектесу» өңірлік бағдарламасының Қырғызстандағы өңірлік үйлестірушісі Рустам Мадалиевтің, Висмар университетінің ғылыми қызметкері Йоахим Шрамм мен Дмитрий Олейниктің дәрісін тыңдауға мүмкіндік туды.

Әкімшілік әділет институтының тарихы мен танымын таразылап жүрген мамандардың сабағынан алғанымыз да, үйренгеніміз де мол болды. Германия сапарында көзбен көріп, көңілмен тоқыған ақпараттарымыз алдағы уақытта қажетімізге жарап, кәсіби біліктілігімізді көтеруге қызмет етері талассыз.

**С.КУСЕМБАЕВА,**
**Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы**

МЕНІҢ ҚОРҒАУШЫМ

# БАРША ЖАННЫҢ АҚТАП АППАҚ СЕНІМІН

Халықтың бәрі заңнан сауатты емес. Сол сауаттың кемдігінен талай рет бармақ тістеп, өкініп жататын кезіміз жеткілікті. Өзінің шарасыз екенін сезініп өмірден баз кешкен жанға жылы сөздің, ашық қабақтың өзі үлкен көмек. Ал бүгінгідей мейірім азайған заманда өмір теңізіндегі тағдыр-кемең суға батпас үшін өз әрекетіңнің иесі, өз кемеңнің капитаны болуың керек. Өкініштісі, адам алдағы күні не күтіп тұрғанын білмейді. Көзбен көрмейінше, басымыздан өткізбейінше көп жағдайдан хабарымыз бола бермейді. Әсіресе, отбасында зорлық-зомбылықтың құрбанына айналып, тағдыр тәлкегіне түсіп, мың сынақтың шырмауынан шыға алмай, басын сүйер жан таппай, әділдікке жете алмай жүрген қаншама жалғызбасты аналар мен азаматтардың құқығы, өкінішке қарай, толық қорғала бермейді. Өз құқығын қорғай алмаған, ертеңіне сенбеген жандардың өмірі суицидпен бітетін жағдайлар да аз емес.

Басына іс түскенде қарапайым азаматтардың көмек сұрап, қолдау күтіп баратыны – адвокаттар мен заңгерлер. Нарықтық заманда ешкім бұрынғыдай тегін көмек бермейтіні түсінікті. Оның үстіне, бүгінгі адвокаттар мен заңгерлердің еңбегіне төленетін ақының кез келгеннің қалтасы да көтере бермейді. Осы іс барысында біз адам өмірінен ақшаны жоғары қоятын талай маманның алдына барып, меселіміз қайтып келді. Сондай қиын сәтте жанымызға жалау болып, қол ұшын берген, қолтығымыздан демеген адвокат Альбина Бақтиярқызының адамдығына, жүрегінің кеңдігіне риза болдық.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демей ме қазақ. Жақсылығын айтуға, адамгершілігі туралы мақтана жазуға, кәсіби шеберлігін мойындауға тұратын бір маман болса, ол – Альбина Бақтиярқызы. Адвокаттың адал еңбегін бағалау басты парызымыз деп ойлаймын.

Біздің дауымыз егер Альбина Бақтиярқызы араласпағанда әлі қанша уақытқа созылары белгісіз еді. Бір сот процесінен екінші сот процесіне үзбей қатысу жалғызбасты аналарға үлкен салмақ. Өйткені біздің артымызда жалғыз асыраушысынан айырылып, жылу күткен, мейірім аңсаған бірнеше бала тұр. Бір күн жұмысқа бармау сол балапандардың несібесін кемітумен тең. Бұған қоса, сот әуресімен жүру аналарға уақыт пен қаржылық жақтан да тиімсіз. Жүйкеге түсетін салмақты да айтпай кетуге болмайды. Міне, осылай бір үміт, бір күдікпен жүрген бізге Альбина Бақтиярқызы заңдық көмек беріп, апелляциялық сот барысында іске нүкте қойылды. Адвокат адал еңбегімен әділдіктің ақ туын желбіретіп, бізді қуанышқа бөледі.



Ананың қуанғаны, үйдегі жаутаңкөз балалардың қуанғаны. Осы сауапты ісі арқылы Альбина ханым балапандардың да қуанышына себепкер болды. Әділдік үшін қызмет етіп, адам өмірін маңызды орынға қойған, батыл, иманды, мейірімді, сауатты, білікті қызмысымызға мың да бір рақмет айтамыз. Қаншама адамның сауатын ашып, алданған, қорланған жандарға қорған болған өзіңіздей ақ адал мамандар көп болсын! Осындай білікті мамандар барда еліміздің көк туы әрқашан биіктерде желбірей береді.

*Өзіңе айтар шегі жоқ ақ тілектің,*
*Мұңын ұқтың, бір шарасыз жүректің.*
*Қазағымның бағы болып туғансың*
*Адалдықпен әр жолыңа гүл ектің.*
*Елеусіз қып қалдырмайтын ел үнін,*
*Алғыс сізге, алтын қызы елімнің!*
*Тек биіктен көрініңіз тілегім –*
*Барша жанның ақтап артқан сенімін.*

**Ұлбол КОНУРБАЕВА,**
**Гүлзайра СӘРСЕКЕНОВА**

БІТІМ

# МЕДИАЦИЯДА ЖЕҢІЛГЕН ТАРАП БОЛМАЙДЫ

Медиация – өркениетті елдер мойындаған, тиімділігіне көзі жеткен маңызды институт саналады. Ел ішіндегі даукестікті мейлінше төмендетіп, тараптар арасындағы түйткілді татуластыру арқылы шешуді көздейтін медиацияның біздің елімізде қолданысқа енгізілгеніне де он жылдан аса уақыт өтті.

Осы жылдар ішінде медиация көпшілікке танымал, елге тиімді екенін тәжірибе жүзінде мойындатқан жоба екенін дәлелдеді. Мұндай нәтиже оңайлықпен келген жоқ. Медиацияның мәнін, маңызын, мақсатын білмеген халыққа заңның игілігін түсіндіру, пайдалы тұстарын ұқтыру, артықшылығына көздерін жеткізу үшін көптеген іс-шаралар атқаруға тура келді. Медиация туралы заңның қолданыс аясын кеңейту, жаңа бастаманың тиімділігін жұртшылыққа насихаттау, медиаторлардың шоғырын қалыптастырып, танымалдығын арттыруға бағытталған ауқымды да кешенді жұмыстар ретретімен жүзеге асырылды. Соның нәтижесінде медиациялық рәсімдерді қолдануға қызығушылық артып, аймақтардағы ардагерлер алқасы, Билер кеңесі белсенді жұмыс жүргізе бастады. Кәсіби және кәсіби емес медиаторлардың көмегіне жүгінетіндер қатары көбейді. Әрине, біздің қоғамда кез келген дауды сот арқылы шешу үрдісі қалыптасқан. Содан болар, татуласудың тиімді екенін медиаторлар айтып, екі тараптың адвокаттары да қуаттап тұрғанымен, азаматтар дауға тек соттың нүкте қойғанын қалайды. Осыған орай соттарда татуластырушы-судья тәжірибеге енгізілген болатын. Тараптардың сеніміне ие болып, дауды ортақ мәмілемен шешу міндеті жүктелген татуластырушы-судьяға артылар жауаптылық ауқымды.

Медиацияны жүзеге асырушы медиатор да, татуластырушы-судья да, тараптарды кінәлі немесе кінәсіз деп бөліп жармайды, тараптарға жауапкершілік жүктеп, нұсқау бермейді. Судья медиатордың негізгі мақсаты тараптарды келісімге келуге шақыру. Татуласқан жағдайда уақыт пен қаржыны үнемдеуге болатынын, тараптар арасындағы сыйластықты сақтауға қол жеткізетінін жан-жақты түсіндіреді. Расында сот рәсіміне қатысқанға қарағанда медиация рәсімі қысқа уақытта қаралады, әрі мемлекеттік баж салығы төленбейді. Дауласушы тараптар адвокаттың қымбат ақылы қызметіне жүгінбейді. Ең бастысы екі жақ арасындағы жылы қарым-қатынас үзілмейді. Азаматтар өз мүддесін қорғау үшін бет жыртыспайды, сәйкесінше әрқайсысының абырой-беделі сақталады. Татулық бұзылмайды, жүйке жұқармайды.

Татуласудың тағы бір артықшылығы – мұнда сот шешімі орта жолда орындалмай қалмайды. Өйткені, бекітілген келісім бойынша тараптар ондағы шарттарды дер кезінде, белгіленген уақытта орындауға мүдделі. Азаматтық процестік кодексте дәйектелгендей, татуласу келісімін жасасқан тұлғалар ортақ мәміле барысында белгіленген шарттарды ерікті түрде орындайды. Ал егер ерікті түрде орындалмаған жағдайда, татуласу келісімін жасасқан тұлға өтінішхат жазып, сол бойынша сот берген атқару парағын негізге ала отырып ортақ келісімнің шарттарын мәжбүрлеп орындатуға жатады. Сондықтан азаматтар «Соттың шешімі шықпаса, талабымыз орындалмай қалады», – деген қате түсініктен арылу керек.

Татуластырушы-судья ретінде біз де сот өндірісіне түскен істерді сараптап, тараптарға медиацияның артықшылығын насихаттауға барынша күш саламыз. Медиацияның негізгі қағидаттарын білген, түсінген азаматтар медиаторларға күмәнмен қараса да, татуластырушы-судьяларға сенім білдіріп жатады. Медиацияның бірінші қағидаты – еріктілік. Екінші қағидаты – тараптардың теңдігі. Медиация үрдісінде міндетті сақталуы тиіс үшінші қағидаты – бейтараптық. Ал төртінші қағидаты – құпиялылық. Осындай игі істерге негізделген медиацияның ел ішін даудан сақтары анық.

***Жанар АБДРАХМАНОВА,***
***Алатау аудандық сотының татуластырушы судьясы***
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

ТАҒАЙЫНДАУ

# АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ СОТЫНДА ЖАҢА ТӨРАҒА



**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ ҚР Соттары төрағаларын, сот алқаларының төрағалары мен судьяларын қызметке тағайындау және босату туралы Жарлыққа қол қойды.**

«Қазақстан Республикасы Конституциясының 82-бабынын 2-тармағына, «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Конституциялық заңының 31-бабының 2, 5, 7-тармақтарына, 34-бабы 1-тармағының 1), 2), 8) тармақшаларына, 3-тармағының 2) тармақшасына, 4-тармағына сәйкес қаулы етемін», делінген құжатта.

Жарлыққа сәйкес, Айдар Смағұлов Ақтөбе облыстық сотының төрағасы қызметіне тағайындалды. Айдар Әскербекұлы 1973 жылы 10 наурызда Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданында дүниеге келген. Сот саласындағы қызметін 2003 жылдан бастаған ол Петропавл қалалық сотының судьясы, Петропавл қалалық №2 сотының судьясы болып еңбек еткен. Одан кейін Мағжан Жұмабаев аудандық сотының төрағасы, Солтүстік Қазақстан облыстық сотының судьясы қызметін атқарды. Ақтөбе облыстық сотының төрағасы болып тағайындалғанға дейін Солтүстік Қазақстан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы болып абыроймен жұмыс істеді.

«Заң газеті» ұжымының атынан Айдар Әскербекұлы Смағұловты жаңа қызметімен құттықтаймыз. Төрағалық қызметіңізде толағай табысқа жетіп, халықтың алғысына бөленіңіз!

ОҢ ҚАДАМ

# СОТ ӘКІМШІЛІГІНДЕ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ДАМЫТУ БӨЛІМІ ҚҰРЫЛДЫ

**ҚР Сот әкімшілігінде Мемлекеттік тілді дамыту бөлімі құрылды. Сот әкімшілігі басшысының өкімімен аталған бөлімге Садуақасов Айдос Қартаңбайұлы басшы болып тағайындалды.**



Айдос Садуақасов – білікті журналист, саяси ғылымдардың кандидаты. Соңғы 9 жылда ол Жоғарғы Сот аппаратында Ақпараттық қамтамасыз ету бөлімі басшысының орынбасары, баспасөз қызметінің басшысы, жоғары сот органының ресми өкілі ретінде үздіксіз қызмет атқарды.

Айдос Садуақасовтың жетекшілік етуімен Жоғарғы Соттың баспасөз қызметі соттардың қызметін жариялауға, азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыруға зор үлес қосты. Соттар халыққа заң нормалары мен резонансты істер бойынша сот актілерін түсіндірді.

Республика соттары пандемия жағдайында онлайн сот процестеріне тараптардың қатысу тетіктері мен цифрлық сервистер жұмысын халыққа түсіндіру бойынша ақпараттық шараларды қабылдады. 2022 жылдың қорытындысы бойынша Жоғарғы Соттың баспасөз қызметі орталық мемлекеттік органдардың коммуникациялық қызметтері арасында ең ашық баспасөз қызметі деп танылды.

Өзіне жүктелген әрбір істі тиянақты, жауапты атқарып, жетістіктерімен жұртшылық қолдауына ие болған Айдос Қартаңбайұлы жаңа қызметті де абыроймен атқарып, сот саласындағы мемлекеттік тілдің мерейін өсіруге атсалысары күмәнсіз.

КӨКЖИЕК

# ЦИФРЛЫ ТЕХНОЛОГИЯ ИНКЛЮЗИВ ҚОҒАМ ӨКІЛДЕРІНЕ ЛАЙЫҚТАЛАДЫ

**2019 жылы Үкімет қаулысымен «ҚР мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және тұрмыс сапасын жақсарту жөніндегі 2025 жылға дейінгі ұлттық жоспар бекітілген еді.**

Оның басты мақсаты Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияны ратификациялауда Қазақстан қабылдаған міндеттемелерді іске асыру және республиканың 2030 жылға дейінгі әлеуметттік жаңғыруы шеңберінден барлық осал топтар үшін қолайлы орта құру арқылы инклюзивті қоғам қалыптастыру болып табылады. Ал Ұлттық жоспарды іске асыру шаралары аясында мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған цифрлық технологиялардың қолжетімділігі жөніндегі стандартты жаңарту биылғы жылдың  жоспарына енгізілген болатын. Бұл бағытта қаңтар айының аяғында Сенатта мүдделі тараптардың қатысуымен дөңгелек үстел жиыны өтті. Онда мүмкіндігі шектеулі жандар үшін ақпараттың интернетте қолжетімділігін арттыру тәсілдері таныстырылды. Жалпы жаңа стандарт визуалды, есту, физикалық, сөйлеу, танымдық, тілдік, неврологиялық шектеулер мен оқудағы қиындықтарды ескере отырып жасалмақ.

– Бүгінгі таңда мүгедектігі бар адамдар үшін ақпараттың қолжетімділігі жөніндегі талаптарға сай келмейтін ақпараттық ресурстар, сайттар бар екені жасырын емес. Біздің міндетіміз осы сын-тегеуріндерге жауап беретін және осындай мүмкіндіктер беретін стандарттарды кезең-кезеңімен енгізу, – дейді  Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің төрағасы Қуаныш Елікбаев. Оның айтуынша,  стандарт  мүмкіндігі шектеулі пайдаланушылар үшін веб-ресурстарды қалай қолжетімді ету керектігі туралы нұсқауларды белгілейді.

**Е.КЕБЕКБАЙ,**
**«Заң газеті»**

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# МЕЙІРІМ ӘЛЕМДІ ҚҰТҚАРАДЫ

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметіне жүгінсек, 100 мың тұрғынның 53-і өзіне қол жұмсауға оқталатын Қазақстан суицид бойынша алдыңғы орындардың бірінде.

Жүргізілген зерттеулер қорытындысы бір ғана суицидтің салдары 10-20 жасөспірімнің суицидтік мінез-құлқының қалыптасуына, 100-200 жасөспірімді суицидтік санаға алып келетіндігін анықтап отыр.

Сонда мәселе неде? Дұрыс тәрбиенің берілмеуі, буллинг, әлде әлеуметтік желілердің әсері ме? Біз бұл сұрақтарды психолог, «Жасөспірімдер суицидінің алдын алу» жобасының авторы, «Әділ қолдау» қорының жетекшісі Светлана Богатыреваға қойған едік.

Оның айтуынша, жоғарыда аталғандардың ешқайсысы балалар арасындағы суицидке себеп емес. Бұл жай ғана «триггерлер» деп сендіреді психолог. Суицидке бір ғана себеп бар – баланың психикалық денсаулығы.

«Мысалы, мектептегі қиындықтарды немесе буллингті алайық - мұның ешқайсысы өз-өзіне қол жұмсауға себеп емес. Барлық балалар белгілі бір дәрежеде әртүрлі қиындықтарға тап болады. Бірақ біреуі олармен күресе білсе , екіншісі өкінішке қарай өздеріне қол жұмсап жатады. Бұл жерде ең бастысы – баланың ішкі күйін түсіне білу», – дейді психолог.

Өз-өзіне қол жұмсаған адамның туыстары мен достары оның суицидтік мінез-құлық белгілері байқалмағанын және өзін әдеттегідей ұстағанын жиі айтады. Мамандар баланың бойындағы өзгерістерді байқаған жөн дейді. Бұл, мысалы – мінез-құлықтың, күнделікті тәртіптің және әдеттердің өзгеруі. Егер бала өзін тұйық ұстай бастаса, ешкіммен араласпай жалғыз көп қалғысы келсе, күнделікті көңіл-күйі болмай немесе керісінше кенеттен тым көпшіл я белсенді болып кетсе бұл баланың психикалық күйіне назар аударып ата-анасының баламен сөйлесіп, көбірек көңіл бөлу керектігін білдіреді.

Сонымен қатар, ашық немесе жасырын хабарламалар бар.  Өз-өзіне қол жұмсамақ болған адамдар көбіне көмек іздеп  соңына дейін үміттенеді.  Олар мұны ашық түрде айтпаса да  жасырын хабарламалар арқылы жеткізуі мүмкін. Мәселен: «Ендігі мені көрмейсіңдер» немесе «Менсіз сендерге оңай болады», т.б. түрлі сөздерді қолдану; ұзақ уақыт көрмеген туыстарымен кенеттен кездесу; денесіне физикалық зақымдар келтіру; қауіпті жерлерді іздеу (жоғары биіктік, жоғары жылдамдық).

Бұндай мінез-құлық – басқаларға өзінің көмекке мұқтаж жан екендігін көрсетудің белгісі.

Психолог баланың барлық мәселелерін тек байыппен сөйлесу арқылы оның проблемаларын жоққа шығармай қорқытпай, айыптаусыз, агрессиясыз  шешуге болады деп сендіреді. Әңгімелесушілердің екеуі де (ата-ана мен бала) абсолютті өзара сенімге ие болуы керек.  Ол сенім баланы тәрбиелеу мен дамытуға толық қатысу кезінде ғана пайда болады. Мұнда ата-ана баланың күнделікті өміріне қызығушылық танытуы қажет.

Балалар мен жасөспірімдер көбіне импульсивті әрі тез ашуланшақ болып келеді. Өйткені, бұл кезеңде бақылауға жауапты ми қыртысы әлі толық дамымаған. Бұл кезекте ата-ана шыдамдылық танытып, бір сөйлесумен ғана шектеліп қоймауы қажет. Баламен жақсы байланыс орнату үшін күнделікті әңгімелесулер қажет етіледі.

«Ата-ана әрқашан көмектесуге, тыңдауға және дұрыс кеңес беруге дайын болуы керек. Көптеген эмоцияларды бастан өткерген жасөспіріммен сіз өз тәжірибеңізбен бөлісуіңіз керек. Өзіңіз белгілі бір қиындықтарды қалай жеңдіңіз, оны қалай шешуге болады  жалпы әр нарсенің шешу жолдары бар екендігін айтып  түсіндіруіңіз қажет. Егерде балаңызбен жақсы қарым-қатынас орната алмасаңыз  арнайы мамандарға жүгінген жөн», – дейді психолог.

Жалпы, барлық ата-анаға берер кеңес мынадай: жасөспірімдік кезеңде баламен байланысты үзбеу маңызды.  Бала өзінің проблемаларымен, ішкі уайымдарымен әрқашан ата-анасына көмекке жүгіне алатынын сезінуі керек. Баланы суицидтік ойлардан тек ата-ана мен жақын адамдары ғана өзінің қарым-қатынасы, назары, түсіністігі мен сүйіспеншілігі арқылы құтқара алады.

**Жадыра ҚҰРМАНБАЙ**

БІЛІМ

# ОҚУЛЫҚ САПАСЫН ҚАЛАЙ ЖАҚСАРТАМЫЗ?

**Білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасында елімізде оқитындарды сапалы біліммен қамтамасыз етіп, халықаралық рейтингілердегі білім көрсеткішінің жақсаруы мен білім беру жүйесінің деңгейін арттыру мақсаты тұрды. Ол үшін ең алдымен, педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, олардың бүкіл қызметінде мансаптық өсуі, оқытылуы және кәсіби біліктілігін дамытуды қамтамасыз етуге сондай-ақ, педагогтардың еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыру мәселелеріне үлкен мән берілген.**

Кейінгі кездері әлеуметтік желіде мектептегі «қазақ тілі мен әдебиеті» пәні оқулығының суреттері қаптап кетті. Олардың мазмұны Қазақстандағы ұлттар достығы, Жеңіс күні, дұрыс тамақтану, фантастика сынды әдебиет пен тілге мүлдем қатысы жоқ тақырыптарға толы. Бұл мамандардың тапқыр әдісі ме? Әлде шынымен  өрескел қателік пе, оны осы кітаптарды практикада қолданып жүрген мұғалімдер жақсы білер. «Мектептер қай баспаның оқулығын қолданып жүр?» – деген сауалды біраз мұғалімге қойғанымызда, олардың  көпшілігі, «Атамұра», «Мектеп», «Арман ПВ» баспасының оқулықтарын пайдаланатынын айтты. Ал сапасына бәрінің бірдей көңілі толмайды. Біразы «әр баспаның кітаптарын салыстырып жүріп, түсіп қалған ақпараттарды тауып алып, толықтырып оқимыз» – дейді. Оқулықтар сапасына қатысты сауалымызды Мақпал Мәліkқызына қойған едік.

**– Сіздер қазіргі таңда білім беру процесінде қандай оқулықтарды пайдаланып жүрсіздер?**

– Елімізде көптеген оқулықтарды басатын баспалар бар. Соның ішінде біздің өңіріміздегі мұғалімдер «Арман ПВ» баспасының оқулықтарын қолданады. Яғни, білім алушыларға осы оқулықтарды басты ресурс ретінде пайдаланамыз.

**– Оқулықтарға көңіліңіз тола ма? Білім стандартына лайықты деп ойлайсыз ба?**

– Әрине, 2017 жылдан бастап елімізде реформа енгізіліп, жаңа үрдіс пайда болды. Оқулықтар да, оқыту жүйесі де жаңа мазмұнға ие болды. Оқушылар үшін, мұғалімдер үшін, ата-аналар үшін де үлкен жаңалық болды. Ата-аналар «Неге дәстүрлі, бұрынғы оқыту жүйелерімен, сол оқулықтармен оқыта бермеске? Біз де сол оқулықтармен білім алып, жетілдік қой» деген ойларын білдірді. Әрине, білім саласы бір орында тұрып қалмау керек. Ғылым, білім, технология қарыштап дамып жатқандықтан, үлкен өзгерістер еніп жатыр. Уақыт өте келе оң және теріс нәтижелері көріне бастады. Қазіргі біз қолданып жүрген оқулықтарға мұғалімдер тарапынан көңіліміз толмайтынын, кейбір жерлеріндегі олқылықтардың бар екенін айтамыз. Ол туралы oqylyq.kz сайтына хат жолдаған болатынбыз. Біздің сұранысымызды ескеретініне әлі де үмітпен қараймыз. Сапа жағын тағы да қолға алады деген сенімдеміз. Оқулықтарды құрастырған, стандартталған білім жүйесінде мұғалімдермен бірге отырып, нақты критерийлерге құрылған оқулықтарды енгізу керек.

**– Оқулықтармен жұмыс жасауда қандай кедергілер кездеседі?**

– Тапсырма беру барысында оқу бағдарламасы негізінде оқушының білім деңгейін арттыратын төрт дағды бойынша жұмыс жасаймыз. Олар: тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым. Тыңдалым тапсырмалары кейде орындалмайды. Себебі, оқулықтарда оны орындауға арналған дискілер болмай жатады. Дыбыс немесе бейнежазба материалдары болуы керек. Осылардың аздығы не мүлде болмауы басты кемшілік болып есептеледі. Ал мұғалімдер үшін ұлттық ғылым академиясында әзірленетін әдістемелік құралдар аз, қолжетімсіз. Білім саласында нақты оқулықпен жұмыс жасау үшін, тәжірибелік, тұлғалық дағдыларды қалыптастырудың жеткілікті ескерілмеуі қателік деп ойлаймын.

**– Аталған кемшіліктерді қалай шешу керек деп ойлайсыз?**

–  Білім алушылардың басты құралы – оқулық. Оқулықты құрастыруда нақты оқу бағдарламасына құрылған оқу мақсаттарын, бағалау критерийлерін, тапсырма құрастыруды басты назарда ұстау керек. Оқылым мәтіндерінде грамматикалық қателер өте көп. Мәтіндерде сөз бен сөздің, сөйлем мен сөйлемнің арасындағы байланыстың жоқ болуы, тапсырмалардың оқылым мәтініне сай келмеуі басты кемшілік болып отыр. Олардың барлығын атап көрсетіп, сайтқа жолдадық. Әр төрт жыл сайын оқулықтарды редакциялап, өңдеп қайта басу керек. Кемшіліктерді жою арқылы сапалы білім бере аламыз.

**Аружан МАУЛЕНБАЙ,**
**Т. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясының 3-курс студенті**

СОТ СӨЙЛЕСІН

**Ұлан ҚАЖЫКЕН,**
*Алматы қаласы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы:*

# «БАСТЫ МІНДЕТ – ЖАЛҒАН ЕСЕППЕН КҮРЕСУ, БЮРОКРАТИЯНЫ БОЛДЫРМАУ»



**– Алматы қаласы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының 2022 жылғы жұмысының нәтижелері қандай?**

– Әкімшілік әділеттің құрылуы құқық қорғау саласына елеулі өзгерістер әкелді. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде жүзеге асып жатқан мұндай бастамалар билік өкілдерімен өзара қарым-қатынаста азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарын сот арқылы қорғауға бағытталған.

Әкімшілік соттардың жұмысы формализм, бюрократияны болдырмайтын қағидаттарға негізделген. Осы бағытта соңғы жылдары үлкен жұмыстар атқарылып жатыр. 2022 жылы Алматы қаласының МАӘС-на 4 721 талап-арыз түсті. 1939 шешім шығарылды, оның ішінде: 996-сы қанағаттандырылды, 943 істен бас тартылды. Жалпы сомасы 8 829 869 теңгеге ақшалай өндіріп алу түрінде процестік мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы 112 ұйғарым; әкімшілік органдарға қатысты 335 жеке ұйғарым шығарылды.

**– Талаптардың көпшілігі сот орындаушыларының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымданумен байланысты екен. Бұл бағытта қандай жұмыстар атқарылуда?**

Иә, өкінішке қарай, келіп түскен істердің көпшілігі сот орындаушылардың әрекеттеріне байланысты. Бұл істер бойынша талапкерлер – көбінесе борышкерлер. Дегенмен, осы санаттағы істердің біртіндеп төмендеуі байқалады. Бұл соттың республикада алғашқылардың бірі болып әкімшілік сот ісін жүргізу шеңберінде өнімді жұмыс атқарып отырғанын көрсетеді. Бұл ретте, сот актілерін орындау сатысында татуластыру рәсімдерін қолдану мәселелері бойынша Алматы қаласының ЖСО өңірлік палатасымен және Алматы қаласының Әділет департаментімен өзара іс-қимыл туралы меморандум жасасқанымыз да өз пайдасын беріп жатыр.

**– Алматы қаласы МАӘС-нің жұмысындағы талап-арыздар қаншалықты жиі қанағаттандырылады?**

–Деректерге сәйкес, шешім шығарумен 1939 іс аяқталды, оның 996-сы қанағаттандырылды, ал 943-інен бас тартылды.

Бұл ретте талаптарды қанағаттандыру пайызы 51,4%, ал 2021 жылы 46,2% – құрағанын атап өткен жөн.

**– Қазіргі сот төрелігі трендтерінің бірі – татуласу практикасы. Бұл МАӘС-тың жұмысында қаншалықты жиі қолданалады?**

–Жария-құқықтық дауларда мүмкіндігінше татуласуға жол беріледі, бұл ҚР ӘРПК 120-бабымен бекітілген.

Тараптардың келісімдерді соттың бекітуімен татуласуы 572 әкімшілік іс бойынша өтті, бұл ақырталғандардың жалпы санының 12,3% құрады.

Салыстыру үшін, 2021 жылы бұл көрсеткіш 6,9% тең болды; яғни, татуласу санының 5,4% өсуі байқалады.

Талапкердің өтініші бойынша 1241 талап арыз қайтарылды (немесе аяқталғандардың 26,7%), оның ішінде 317 талап арыз соттан тыс тәртіппен даудың нақты реттелуіне байланысты кері қайтарылды.

Сот татуластыру рәсімдерін кеңінен қолдану бойынша тұрақты жұмыс жүргізуде: татуластыру судьяларына бөлінуге жататын даулар саны артты, халық арасында сот медиациясының артықшылықтары туралы түсіндіру жұмыстары, ҮЕҰ және мемлекеттік органдармен кездесулер өткізілуде.

Мысалы, 2021 жылы кедендік, еңбек, тұрғын үй даулары бойынша, мемлекеттік сатып алу, аудит және қаржылық бақылау салаларындағы даулар бойынша, құқық қорғау саласында 2021 жылы татуласу мүлдем болмаса, 2022 жылы аталған даулар санаттары бойынша татуласу үлесі орта есеппен 5,7% құрайды.

**– Заңдылықты бұзу жағдайлары анықталған кезде сот қандай шараларды қолданады?**

– Бұл жағдайда сот жеке ұйғарымдар шығарады. 2022 жылы 335 жеке ұйғарым шығарылды, 194 іс бойынша анықталған бұзушылықтарға иісті шаралар қабылдау туралы жауаптар түсті.

Келіп түскен жауаптардың мониторингі түсіндіру, ұйымдастыру-құқықтық жұмыс жүргізілгенін, ескертулер мен сөгіс түрінде 57 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылған.

**– ҚР Әкімшілік рәсімдік процессуалды кодексте мәжбүрлеу шарасы ретінде ақшалай өндіріп алу қарастырылған. Ол қаншалықты жиі қолданылады?**

–2022 жылы Алматының МАӘС-да ақшалай өндіріп алу түріндегі процестік мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы 112 ұйғарым шығарылды, жалпы сомасы 8 829 869 теңгені құрады.

Ол соттың сұрау салуын орындамағаны үшін, сот отырысына уақытылы қатысу және жазбаша кері байланыс беру жөніндегі сот талаптарын және сот шешімін орындамағаны үшін шығарылды.

**– ҚР ӘРПК қолданысқа енгеніне биыл 2 жыл. Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары және бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жалғасып жатыр ма?**

– ӘРПК ережелерін және әкімшілік істер бойынша сот практикасын түсіндіру жұмыстары БАҚ-пен, әкімшілік органдармен, заң қоғамдастығымен қоғамда тұрақты жүргізіліп жатыр.

Facebook, Instagram әлеуметтік желілерінде 2022 жылдың қыркүйегіне дейін мыңға жуық хабарлама жарияланған. Қазіргі уақытта бұл жұмыс Алматы қаласының барлық соттары үшін бірыңғай Facebook желісінде «Алматы соттары» парақшасында жалғасуда. Сонымен қатар, былтыр БАҚ-та 40-қа жуық мақала жарияланып, 15 дөңгелек үстел, ЖОО студенттеріне арналған дәрістер, судьялардың теледидар бағдарламаларына қатысуы арқылы жүргізілді. Яғни, судьялар үнемі кодексті түсіндіріп, сот практикасымен бөлісіп тұрады. Алдағы уақытта да әкімшілік әділеттің көмегі көп болады деп сенеміз. Себебі бүгінгі таңда азаматтардың құқығын қорғау, ізгілендіру, татуласу, бітімге келу азаматтық қоғам талабы.

**– Сұхбатыңызға рақмет. Істеріңіз табысты болсын.**

**Сұхбаттасқан Ж. ҚҰДАЙБЕРГЕН**

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

**Дамыған, зайырлы қоғамда өмір сүретін кез келген азаматта – қоғам алдында, отбасы алдында, мемлекеті, қала берді өзінің азаматтық ұстанымдарының алдында әртүрлі жауапкершіліктер болады. Олар заңдық сатыда сараланады.**



# ЖАЗА ЖАУАПТЫЛЫҚТЫ КӨТЕРЕДІ

Қазақстанда теріс әрекет дәрежесі, деңгейі, сипатына қарай – қылмыстық, азаматтық, әкімшілік жауапкершілікке әкеліп соғады. «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» кодексте мұндай мәселелерде құқық бұзғандарға ескерту жасау; әкімшілік айыппұл салу; әкімшілік құқық бұзушылықты жасау құралы немесе оның тікелей лицензиядан айыру объектісі болған затты, өтемін төлеп алу; әкімшілік құқық бұзушылық жасау құралы немесе оның тікелей жасау объектісі болған затты, сол сияқты әкімшілік құқық бұзушылықты жасау салдарынан алынған мүлікті тәркілеу; арнаулы құқықтан айыру;, т.б.; жеке кәсіпкердің қызметін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу; заңсыз салынып жатқан немесе салынған құрылысты мәжбүрлеп бұзып тастау; әкімшілік қамауға алу; шетел азаматын немесе азаматтығы жоқ, адамды Қазақстанның шегінен әкімшілік жолмен кетіру секілді жаза түрлерін қарастырады. Әкімшілік жауапкершілік негіздері осы заңнама шеңберінде қарастырылған. Әкімшілік құқық бұзған азаматқа қандай жаза түрін тағайындау да осы кодекс аясында жүзеге асады. Және мұндай құқықбұзушылық ретін қарастырып, саралауға, үкім шығарып жаза тағайындауға уәкілеттік сот органдарына берілген. Оған ешкім ықпал ете алмайды және ол уәкілетті орган заңда белгіленген жауаптылықты дәлме дәл қолдануға, одан ауытқымауға міндетті.

Осы ретте кез келген сатыдағы сот ол адамның ҚР Конституциясы белгілеген құқықтары мен бостандықтарын құрметтей отырып, тиісті сараптама жүргізуге әділетті үкім кесуге міндетті. ҚР Конституциясы заң мен сот алдында мемлекеттің барлық азаматтарының тең екендігін нақтылап берген. Ал, жалпылай алғанда әкімшілік жаза әкімшілік құқық бұзғаны үшін заң шеңберінде өкілетті орган сот қолданатын, әрі ҚР ӘҚБтК бойынша құқық бұзушылық жасаған тұлғаның құқықтары мен бостандықтарынан айыру немесе шектеу көзделген мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы деп есептеледі. Бұл жаңа құқықбұзушылықтардың алдын алады деп қарастырылады. Сонымен қатар, әкімшілік құқық бұзғандарға мынадай жазалар қарастырылады. Әкімшілік ескерту, әкімшілік айыппұлдар. Оның мөлшері қылмыс әрекетінің деңгей-дәрежесіне қарай белгіленеді. Егер азамат әкімшілік құқықты бірнеше мәрте бұзса онда оған өзге де жауапкершіліктер қарастырылған.

Егер заң бұзушы тұлға құқық бұзу оқиғасын бірнеше мәрте қайталаса, ол істерді бір судья не орган қараса, бұл адамға белгілі бір жазалар қолданылған жағдайда, жазаның түпкілікті мөлшерін жазаның осы түрі үшін осы кодексте белгіленген 3 еселенген ең жоғарғы шегінен асыруға болмайды. Әкімшілік қамауға алудың ең ұзақ мерзімі кей жағдайларда 30 тәуліктен, ал төтенше жағдайлар кезінде 45 тәуліктен аспауға тиіс. Жауапкер әрекетін бірнеше мәрте қайталаса, айыппұл әрбір құқықбұзушылық үшін жеке өндіріліп алынады. Әкімшілік жауапкершіліктің ауқымы кең. Кодексте кез келген мәселеге қатысты жаза анық әрі әділетті көрсетілген.

**Эльмира УРУНБАСАРОВА,**
**Алакөл аудандық сотының судьясы**
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

ӘДЕП НОРМАЛАРЫ

# МЕМЛЕКЕТ АЙНАСЫ

«100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 12-қадамын іске асыру шеңберінде кәсіби кадрлар құрамын қалыптастыру үшін мемлекеттік қызметшілердің этикалық кодексі және әдеп жөніндегі уәкіл туралы ереже әзірленді және бекітілді, оны әр мемлекеттік қызметші басшылыққа алуы керек.

Мемлекеттік қызметшілер қоғам алдында мемлекеттің бет-бейнесі болғандықтан, бұл кодекс ең алдымен қоғамның мемлекеттік органдарға деген сенімін нығайтуға бағытталған. Этика кодексі қызметшілер қабылдаған мінез-құлық нормаларының басқа аспектілерін де қамтиды. Этика кодексіне сәйкес ол мемлекеттік аппараттың беделін нығайтуға, ұстамдылық және дәлдікпен ерекшеленетін жалпы қабылданған іскерлік стильге сәйкес келуі керек.

Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік этиканы сақтау саласындағы заңнамадағы жаңашылдықтардың бірі – ҚР Президентінің Жарлығымен қабылданған этика жөніндегі уәкіл туралы ереже.

Этика жөніндегі уәкіл – бұл қызметтік этика нормаларының сақталуын қамтамасыз ету және мемлекеттік қызмет туралы заңнаманың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және Қазақстан мемлекеттік қызметшілерінің этикалық кодексі бұзылуының алдын алу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік қызметші, сонымен қатар мемлекеттік қызметшілер мен азаматтарға өз функциялары шеңберінде кеңес беру.

Әдеп жөніндегі уәкіл өз құзыреті шегінде мемлекеттік қызметшілерге мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және Этика кодексі саласындағы Қазақстан заңнамасының талаптарын сақтау мәселелері бойынша кеңес беру функцияларын жүзеге асырады.

**М. ЖАРЫЛҒАСЫН,**
**Шахтинск қалалық соты аға сот приставы**
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

ПРОБАЦИЯ

# ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТІЛДІ

**Жалағаш аудандық пробация қызметі мен Жалағаш аудандық жұмыспен қамту бөлімі бірлесіп, қасиетті жұма күні пробация қызметінің есебіндегі тұрмыс жағдайы төмен, көпбалалы есептегі үш азаматшаға көмек көрсетті.**

«Бүгінгі таңда Жалағаш аудандық пробация қызметінің есебінде 38 сотталған есепте тұр. Алдағы уақытта есепте тұрған тұрмыс жағдайы төмен отбасыларға өз кезегімен азық-түлікпен және киім-кешектермен көмек көрсетілетін болады», – деді аудандық пробация қызметінің аға инспекторы әділет майоры А.Сақыбеков.

«Жалағаш аудандық пробация қызметі мен Жалағаш аудандық жұмыспен қамту» бөлімдері бірлесіп әрдайым рухани демеу беріп, қажетті азық-түлікпен қамтамасыз етіп, үздіксіз көмек көрсетеді. Пробация қызметі тарапынан бізге әлеуметтік-құқықтық, психологиялық, медициналық, т.б. көмектер беріледі», – деді есептегі азаматша.

**Қызылорда облысы бойынша ҚАЖД**

№17 (3548)
3 наурыз 2023
zangazet@mail.ru
ЗАҢ газеті



Қанат ЖҰМАБАЙ, *Халықаралық адам құқықтарын қорғау комитетінің Қазақстандағы уәкілдігінің кеңесшісі:*

# САЙЛАУ - ӨЗІН ДЕПУТАТ РЕТІНДЕ КӨРГІСІ КЕЛГЕН АЗАМАТТЫҢ САЯСИ ҚҰҚЫҒЫ



*(Соңы. Басы 1-бетте)*

Оны білген әрбір азамат өз құқығы мен міндетін біледі. Құқықтық саясатты жүзеге асыру үшін елде түрлі іс-шара жасалып жатыр. Мысалы, биыл елде Конституциялық сот құрылды. Бұл құқықтық институттың өз өкілеттігі, атқарушы қызметі, мәртебесі бар. Ол құқықтық саясаттың ілгерілеуінің бір көрінісі. Одан бөлек Адам құқықтары жөніндегі уәкіл конституциялық заңмен белгіленді. Бұл да құқықтық саясаттың алға қарай жылжуының белгісі. Ол ары қарай қалай жүзеге асатыны екінші мәселе.

Заң мен соттың алдында адамның бәрі тең. Конституцияда құқықтық негізгі қағидалар анық көрсетілген. Ал оның орындалуы, жүзеге асырылуы бөлек мәселе. Ол тек мемлекеттік органға байланысты емес. Оның ары қарай жұмыс жасауы халыққа да байланысты.

**— Әлеуметтік желіде бір топ жаркенттік таксистің үндеуі, артынан кешірім сұраған бейнежазбасы жарияланды. Олардың әрекетін біреу қолдап, біреу айыптады. Өкінішке қарай, басқаларға сабақ болу үшін бұл әрекетке құқықтық баға берілуі керек еді.**

– Конституцияның 12-бабы бойынша Қазақстан Республикасында адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі. Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарап анықталады. Сондай-ақ, адамның және азаматтың өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруы басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға, конституциялық құрылыс пен қоғам аумағында заңды түрде жүрген әрбір адам, заңда көрсетілгеннен басқа реттерде, оның аумағында еркін жүріп-тұруға және тұрғылықты мекенді өз қалауынша таңдап алуға құқығы бар. Ал 24-бап бойынша әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы бар. Яғни, бір адамның құқығын екінші адам заңсыз шектеуге жол берілмейді. Оны тек сот қана шектей алады. Сондықтан жаркенттік таксистердің айтқан сөзі Конституцияға қайшы.

**— Демократия қағидасы бойынша заң биліктен жоғары тұру керек. Бізде бәрі керісінше. Неліктен?**

– Бұл күрделі сұрақ. Мемлекет болып қалу үшін міндетті түрде билік керек. Нақты айтқанда ең алдымен өз жері, онда өмір сүретін халқы және одан алым-салым жинап отыратын уәкілетті органы болуы тиіс. Оларды халық сенім білдіріп, өзі сайлайды. Дамыған мемлекеттерде халық өзінің билігін сайлап алады. Бізде де солай. Біз ең жоғары уәкілетті Президентке бердік. Конституцияның 40-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Президенті – мемлекеттің басшысы. Мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағытын айқындайтын, ел ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақстанның атынан өкілдік ететін ең жоғары лауазымды тұлға. Ол халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының, адам және азамат құқығы мен бостандығының нышаны әрі кепілі.

Құқықтық сана көтеріліп, сайлаушы халық пен биліктің өзара келісімі деп қабылдамайынша ешқашан олардың арақатынасы тең болмайды. Себебі азаматтық-құқықтық қатынастарда екі тараптың құқығы тең болу керек. Бұл енді саяси байланыс, саяси құқықтық қатынас. Яғни, мен Қазақстан азаматы ретінде өзімнің кейбір құқығымды ең жоғарғы лауазымды тұлғаға бердім. Оған дауыс беріп, сенім білдірдім. Жоғарғы лауазымды тұлға халықтың сенімін ақтау үшін оның мүддесіне қайшы келмейтін әрекеттер жасайды. Бұл да негізінен келісім. Қазір Мәжіліс пен мәслихат сайлауы өтіп жатыр. Бұл жақсы үрдіс. Халық сайлаған Президент өзінің бағдарламасын ұсынды. Халық оны қабылдай отырып, ұсыныстар енгізеді. Мәжіліс пен мәслихат депутаттары да сайлаушыларын аралап, өз бағдарламасын таныстырып, уәде беріп жүр. Осы жағдайда олардың құқықтық мәдениеті жоғары болу керек. Билік пен халықтың құқығы қай кезде тең болады? Дұрыс мәміле, келісім болған кезде ғана екеуінің арасында қарама-қайшылық болмайды. Халықтың билікке деген сенімі, биліктің халықтан алған аманаты бар. Яғни, аманатқа қиянат жасалмау керек.

**— Жақында әлеуметтік желіде бірнеше азаматтың Оралды Ресейге қосу керек деген сөзі жарияланды. Алайда полиция мұнда қылмыстық құрам жоқ деп отыр. Ұлттық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясат қандай болу керек сонда?**

– Нағыз заңгер саяси және құқықтық жағдайды айыра білу керек. Қазір әрбір адам әлеуметтік желіге тіркелу арқылы әлемдік кеңістіктің бір мүшесі болып отыр. Бұл заманның талабы. Онда анау бүйтіп айтты, мынау сүйтіп айтты деп қатты алаңдаудың қажеті жоқ. Қазақстанда кез келген арандатушылыққа жол берілмейді. Ол Конституцияда да бар. Ұлтаралық тудыратын және мемлекеттің қауіпсіздігіне қатер төндіретін әрекеттерге бізде жол берілмейді. Біз алдымен азаматтардың субъектісін, тұлғалылығын анықтауымыз керек. Екінші, оларға сараптама тағайындалуы тиіс. Ақыл-есінің дұрыстығы туралы. Есі дұрыс, құндылығы дұрыс адам олай сөйлемейді ешқашан. Содан кейін барып ол адаммен жұмыс жасалу керек. Егер есі дұрыс емес болса сотпен емдеу мекемесіне жібереді. Есі дұрыс болса, онымен профилактикалық жұмыс жүргізіледі. Біреу сөйтіп айтты екен деп жалпы ұлтқа қара жағуға болмайды. Заңгер ретінде айтарым, көрші елдердің арнайы ұстанымы бар. Ол өкілеттік берілген мемлекеттің бірінші басшыларының көзқарасы. Егер билік органының, саяси тұлғаларын саяси көзқарасы дұрыс болса, екі елдің жеке азаматтарының арандатушылығына жол бермеу керек. Арандатушылыққа берілмеу қажет.

Заңда әкімшілік, қылмыстық жауапкершілік қарастырылған. Осыған байланысты шынайы арандатушылар анықталса, оның әрекетінде әкімшілік не қылмыстық құрам болса, оларға берілетін айыппұл мөлшерін көбейту керек. Айыппұлды көбейтпей, бұл жағдай қайталана береді. Адам 10-20 миллиондай айыппұл төлесе, теріс қадамға бармайды. Өмірі айыппұл төлеумен өткен адамның қатесі басқаларға сабақ болады. Сананы жазамен емес, баламалы жауапкершілікпен ғана өзгертуге болады. Қоғамнан бөлектеп, абақтыға қамау адамның өзгеруіне себеп бола алмайды. Ал материалдық шығын тегеурінді тетік. Себебі, әркімнің бала-шағасы, отбасы бар. Сол себепті менің әрекетім жеке басыма ғана емес, отбасыма да әсер етеді деп ойланады. Жаза деген сол. Мемлекет – ерік беруші, тыйым салушы, жазалаушы.

**— Қылмыспен күрестегі қоғамның рөлі қандай?**

– Біз қылмыспен күресуді тек қана құқық қорғау органдарының иығына артып қойғанбыз. Қылмыс орын алса, құқық қорғау органдары не істеп жатыр дейміз. Олар барынша өзінің міндеттерін атқарып жатыр.

Қылмыспен күресу деген сөз жалпы, ғаламдық мәселе. Ол БҰҰ-ның жарғысында да бар. Бұл ауқымды мәселені күшейту керек. Мемлекеттің дамуына қылмыс кедергі болып тұрғаны ақиқат. Онымен қоғам, ел болып күресу абзал. Қазақ даласында қылмыс жасағандарды жазалауда, олармен жұмыс жасауда билер институты, ақсақалдар алқасы деген болды. Қылмыспен күресуде олар қазір де белсенді болуы керек. Егер билер институтын, алқабилер, бітімгерлер мен ақсақалдарды осы іске жұмылдырса, көптеген қылмыстың алдын алуға болар еді.

**— Қылмыспен күреске ғалымдар әлеуетін неге пайдаланбасқа?**

– Қылмыстың себеп-салдарын зерттеу керек деп тұрсыз ғой. Расында себеп-салдарын зерттемей, қылмыстың жолын құқық қорғау органдары арқылы кесу тиімсіз. Бұл іске сарапшыларды тартып, түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, зерттеу жасау керек. Қазақтың көне заңында тоғыз төлеу деген болды. Соларды жайлап қайта енгізу керек. Бас бостандығынан айырып, оқшаулаумен бұл мәселе шешілмейді.

1998 жылы 29 маусымда Қазақстан БҰҰ-ның Азаптауларға және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазаларға қарсы конвенциясын ратификациялады. 2008 жылғы 26 маусымда БҰҰ Азаптауға қарсы конвенциясына Факультативтік хаттама ратификацияланды. 2013 жылғы 2 шілдеде Мемлекет басшысы азаптауға қарсы конвенцияның Факультативтік хаттамасына сәйкес қабылданған міндеттемелерді орындау барысында Қазақстанда азаптауға қарсы ұлттық алдын алу тетігін (ҰАТ) құру туралы заңға қол қойды. ҰАТ мақсаты – Қазақстан азаматтары соттар мен құзыретті мемлекеттік органдардың шешімдері негізінде азаматтары уақытша орналасқан мекемелер мен ұйымдарға тәуелсіз профилактикалық сараптамалық сапарлар жүргізуге тарту. Алайда, ол өте баяу іске асып жатыр. Парламенттің жаңа депутаттарына ұсыныс жасаймыз. Бұл заңды жүзеге асыруда қоғамдық ұйымдардың рөлін күшейту керек. Дұрыс бағытта құрылған қоғамдық ұйымдар белгілі бір уақытқа оқшауланып түрмеде отырған адамдардың ары қарай түзеліп кетуіне әсер еткені жөн. Яғни, дамыған елдердегідей түрмені қоғамдық бақылауға беру қажет. Заңды түрде тіркелген ұйымның білімі, тәжірибесі, әлеуеті бар өкілдері түрмеде жазасын өтеп жатқан сотталғандардың жұмыс істеуіне, түзеліп кетуіне жағдай жасайды. Мәселен, кәсіпке баулиды. Сотталған азамат бұл жерден белгілі бір мамандық иесі боп шығады. Қоғамдық ұйымдардың маңызы осы жерде өте зор. Түрме қызметкерлері күштік бақылау құрылым өкілі болған соң сотталушылар олармен соншалықты сенімді сөйлеспейді. Ал үшінші тарап, қоғамдық ұйымдар барса, ондағының біреуі кәсіпкер, біреуі дін қызметкері, біреуі заңгер болуы мүмкін. Олар сотталушының жақсы жағынан өзгеруіне, мінез-құлқының қалыптасуына оң әсерін тигізеді деп ойлаймын.

**— Біз түрмедегі жағдайды жақсартамыз деп оны насихаттап жатқан жоқпыз ба?**

– Кез келген жазаның бірінші мақсаты – әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру. Екінші – сотталған азаматтың түзеліп шығуына, қайтадан қылмыс жасамауына көмектесу. Адам жақсы жағынан өзгеріп шығуы керек. Бізде бірнеше рет түрмеге түскен адамдар бар. Себебі, қоғамда сотталғандарға, соттылыққа деген көзқарас дұрыс емес. Сотталған адам өз қылмысы үшін жазасын алса, өз әрекеті үшін өкініп, түзеліп шығатын болса, оның қоғамның толыққанды мүшесі болуға қақысы бар. Бізде қағаз жүзінде солай көрсетілгенмен, іс жүзінде түрмеден шыққандарды көп жерде жұмысқа алмайды. Оны естіп, көріп жүрміз. Соның салдарынан жазасын өтесе де азаматтар жұмысқа кіре алмай әбігерге түседі. Ақыры шарасыздықтан қайта қылмыс жасайды. Бұл мәселені уақыт оздырмай шешу маңызды.

**— Қылмыскерге рақымшылық жасаған дұрыс па?**

– Түрмеде өзін дұрыс жағынан көрсетіп, түзелген, оң мінез-құлық қалыптастырған және сот үкімі бойынша өзіне жүктелген белгілі бір міндеттерді орындаған адамға рақымшылық жасау әлемдік тәжірибеде бар. Ол керек. Дамыған елдердің бәрінде қолданылады. Қазақстан да қазір соның ішіне кіреді.

**— Статистика бойынша азаматтық хал актілерін тіркеу орталығына рәсімделген әрбір үш отбасының біреуі ажырасып жатқаны белгілі. Отбасылық құндылықты қалай қорғаймыз?**

– Егер ажырасудың шынайы статистикасын төмендетеміз десек ажырасқандарды емес, үлгілі отбасыларды көп уағыздауымыз керек. Оларға көбірек жеңілдік берген дұрыс. Сонда азамат үлгілі отбасы болу үшін барын салады. Тәжірибе жүзінде ажырасқанды қолдамауымыз керек. Оның себеп-салдарын зерттеп отырған ешкім жоқ. Бұл тек қана тұрмыстық жағдаймен байланысты емес. Аш отыр деген отбасы қазір бізде өте сирек кездеседі. Қазақстандықтардың бір-біріне деген бауырмалдығы өте жоғары. Ота жасауға, үй алып беруге деген ниетпен қаржылық қолдау жасауға ынталылар көп. Бірақ қоғамдық ұйымдар ажырасқандардан гөрі, отбасын сақтап қалған үлгілі отбасыларды марапаттаса жөн болар еді. Сосын отбасылық құндылықтар дұрыс болу үшін қариялар, ақсақалдар институтын күшейткен абзал. Олардың көптеген отбасыларды сақтап қалуға қосып жатқан үлесі аз емес. Сосын менталитетке сіңіп қалған жат ұғымдардан арылуымыз керек. «Ішіме сыйған бала сыртыма да сыяды» деген сөз дәстүрге де, санаға да жат ұғым. Қазақ «қайтып келген қыз жаман» дейді. Қыздың намысын үш жұрт та қорғау керек. Қазір ажырасып жатыр десе, елдің көбі ер адам кінәлі деп ойлайды. Ажырасуға тек бір жақ кінәлі болмайды. Екі жақты да мәмілеге шақыру маңызды. Заң мен соттың алдында құқықтық негізде бәрі тең ғой. Салт-дәстүрді көбірек сақтау керек. Оны сақтаған отбасылар ажырыспайды.

**— Сұхбатыңызға рақмет.**

**Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,**
**«Заң газеті»**

АЛҒЫС

# АЛТЫН ҚОЛДЫ ДӘРІГЕРЛЕР АМАН БОЛСЫН

**«Бірінші байлық – денсаулық» деп бабаларымыз бекер айтпаған. Денсаулығың болса ғана алдыға биік мақсат қойып, мықты жоспар құрасың. Ал таңнан кешке дейін сырқаты маза бермей, сарсылған адамға ештеңе қызық емес. Ауру меңдеген адамның жұмысында да береке жоқ, айналасына да қадірі бола бермейді екен. Оны ауырып ем іздегендер жақсы білсе керек.**

Мен де ұзақ уақыт жүрек ауруына шалдығып, өмірден баз кешкен жанның бірімін. Жүрек деген адам ағзасының моторы іспеттес. Ол ауырса қан қысымың көтеріліп, көзің қарауытып, денең дел-сал болып жаныңды қоярға жер таппайсың. Сондайда денің сау кезде қатықсыз ішкен қара судан тәтті ештеңе жоқ екен ғой деп талай тәубеге келгенім рас.

Осындай шарасыз жүрген кезімде әуелі Алланың, одан кейін Алматы қаласындағы №29 емхана дәрігерлерінің арқасында дертіме шипа таптым. Емхананың бас дәрігері Ақмира Садықова бастап, емдеуші дәрігерім Гюзяль Рахманова мен мейірбике Айнұр Солтанбекова қоштап, менің аяғымнан тік тұрып кетуіме барын салды. Жедел ота жасату үшін мемлекеттік порталға кезекке қойып, бүкіл қажетті талдамаларды қиналмай тапсыруыма көмектесті. Жүрегі жомарт, ізгілікке құштар осындай жандардың арқасында былтырғы жылы Сызғанов атындағы ауруханада жүрегіме ота жасаттым. Осы ауруханада жатып қазақстандық медицинаның адам танымастай өзгергеніне көзім жетті. Әсіресе, өз саласын жетік білетін, тәжірибесі мол жас дәрігерлердің көптігіне, олардың адами қасиетіне тәнті болдым. Алтын қолды дәрігер Нұрболат Бигелдаев, Ержан Ерқатанұлы, Әділ Құдайбергенов, Шоқан Ахметбековтердің қолдауының арқасында жүрегіме жасалған ота сәтті өтіп, аяғымнан тұрып кеттім.



Алла қиындықты көтере алатын адамға береді деген рас екен. Өзім енді оңалып, денсаулығым түзеле бастағанда ұлым Елтай жүрек талмасымен ауруханаға түсті. Бұл жолы да аудандық емхана дәрігерлері мен Сызғанов атындағы аурухананың білікті мамандары балама жедел ота жасап, өлімнен арашалап қалды.

Өз еңбегін бұлдамайтын, адамға тек жақсылық жасап, көмек беруге дайын тұратын осы абзал жандардың бәріне аналық шын көңілмен алғысымды білдіремін. Осындай білімді, жүректі, өз ісінің шеберлері бар кезде отандық медицина алға дамып, халық денсаулығына алаңдамай өмір сүрері күмәнсіз.

**Тұрсынбүбі ОРЫНТАЙҚЫЗЫ**
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

САРАП

# МӘМІЛЕНІ ҚОЛДАНУ АЯСЫ АЛУАН ТҮРЛІ

**Азаматтар мен заңды тұлғалардың азаматтық құқықтары мен міндеттерін белгілеуге, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған әрекеттері мәміле деп танылады.**



**Ж. ЕСНАЗАРОВ, Меңдіқара аудандық сотының судьясы , Қостанай облысы**

Азаматтық құқықтағы мәмілелер әрқашан олардың маңыздылығына байланысты ерекше назар аударылды. Өйткені олар біздің өміріміздің экономикалық саласында маңызды рөл атқарады. Мәміле – бұл әлеуметтік және экономикалық тең құқықты және тәуелсіз субъектілер өздерінің құқықтары мен міндеттерін белгілейтін құрал, яғни мінез-құлық еркіндігінің заңды шектері. Мәмілелер қоғамдық өмірде көп қырлы рөл атқарады. Сондықтан азаматтық құқықта қазіргі нарықтық экономика жағдайында азаматтық айналымды тиісті деңгейде қамтамасыз ететін заңмен тыйым салынбаған кез - келген мәмілелердің жарамдылық принципі қолданылады. Мәміленің нотариаттық нысаны егер ол заңда не тараптардың келісімінде көзделсе, орын алуы мүмкін. Заңнамада нотариаттық нысанда мәміле жасау қажеттілігі туралы нұсқамалар сирек кездеседі және әдетте, ең маңызды мүлікке қатысты мәмілелерге жатады. Субъектілердің келісімі бойынша кез келген мәміле тіпті ол үшін заңда міндетті нотариаттық нысан белгіленбесе де, нотариаттық куәландыруға ұшырауы мүмкін. Көптеген мәмілелер, тіпті тиісті түрде жасалса да, азаматтық құқықтар мен міндеттерді тудырмайды. Бұл заңды салдары мәміләні мемлекеттік тіркеу немесе мүлік құқығын мемлекеттік тіркеу сияқты заңды фактілермен байланыстырылған кезде ғана пайда болуы мүмкін. Егер ҚР заңдарында өзгеше артықшылықтар көзделмесе, заңға сәйкес мемлекеттік тіркеуге жататын мәмілелер олар тіркелгеннен кейін жасалған болып есептеледі. Мысалы, тұрғын үйді иеліктен шығару бойынша мәмілелер қарапайым жазбаша түрде де, нотариалды куәландырылуы мүмкін. Тұрғын үйді сатып алу-сату мәмілесі нотариалды куәландырылған кезде, сатып алушыға оны тіркеуде ешқандай қиындықтар болмайды. Егер тұрғын үйді сатып алу-сату мәмілесі қарапайым жазбаша нысанды сақтай отырып, яғни тараптар қол қойған қарапайым жазбаша шарт түрінде жасалса және оның жасалу фактісіне, оның мазмұнына немесе орындалуына ешкім дау айтпаса, ол жарамды болып табылады.

Тұрғын үйді сатушыға тұрғын үйді сатып алу-сату мәмілесін жарамды деп тану туралы талап арыздарда мәміле кіммен және қашан жасалғаны, сатып алынған тұрғын үйдің құнын қашан және қалай төлегені (толық немесе ішінара), қандай жазбаша дәлелдемелермен мәміле жасау фактісі расталғаны, шарт заңда белгіленген тәртіппен неге ресімделмегені көрсетілуге тиіс. Мұндай дауларды дұрыс шешу үшін судья мәмілелердің тараптары болып табылатын адамдардың шеңберін нақтылауға, талап қою нысанасын дұрыс анықтауға және мәмілелерді жасау дәлелдемелерінің бар-жоғын тексеруге тиіс. Сот тәжірибесінде осы санаттағы істерді қарау кезінде мынадай кемшіліктер орын алады: кейбір жағдайларда тұрғын үйді сатып алу-сату мәмілелерін соттар мәміле жасасудың жазбаша дәлелдемелері болмаған кезде жарамды деп таниды; мәмілелер олардың кейбіреулері іс жүзінде мәміленің тарабы болып табылмайтын тұлғалар арасында жарамды деп танылады; істердің бірдей мән-жайлары бойынша кейбір жағдайларда соттар мәмілені жарамды деп таниды, ал басқалары бойынша меншік құқығын таниды. Сот тәжірибесінде соттарға көптеген істер бойынша қолхат берілетінін көрсетеді, онда сатушы сатылған тұрғын үй мен оның меккенжайы үшін нақты ақша сомасын алғанын көрсетеді. Сонымен қатар, меншік иесі талапкерге, оның жұбайына, балаларына және ата-аналарына берген сенімхат негізінде мәмілелерді жарамсыз деп тану тәжірибесі кең таралған.

Сот мәміленің жасалуының дәлелі ретінде мәміле субъектілері көрсетілген нақты сомаға, жеделхатқа, телефонограммаға, факстық немесе электрондық хабарламаларға сатушының өз тұрғын үйін белгілі бір тұлғаға сату туралы хаты (егер сатып алушының тегі, аты, әкесінің аты немесе ең болмағанда тегі мен аты-жөні көрсетілсе) сияқты жазбаша дәлелдемелерді қабылдай алады, оның маңызды шарттары және олардың ерік-жігерінің мазмұны. Жоғарыда аталған жазбаша дәлелдемелер болмаған кезде сот мәмілені жарамды деп тану туралы талап қоюдан бас тартады.

Қостанай облысының Меңдіқара аудандық соты Д.В-ның Ж. А., Ж. С., Ж. Е., Ж. Е. пәтер түрінде жылжымайтын мүлікті сатып алу-сату мәмілесін жарамды деп тану туралы талап арызын қанағаттандырудан бас тартты. Талапкер 2004 жылғы 28 наурызда оның және Ж.С. арасында сатуға сенімхат түрінде мәміле іс жүзінде жасалғанын, ақша қаражаты берілгенін, даулы жылжымайтын мүлік объектісіне құжаттардың түпнұсқалары, мүлікті ұстау ауыртпалығын көтерген талапкердің қолында екенін дәлелдеді. Мәлімделген талап келесі негіздер бойынша қанағаттандырылмады.

Азаматтық кодекстің 118-бабының 1-тармағына сәйкес жылжымайтын заттарға меншік құқығы және басқа да құқықтар, бұл құқықтардың шектелуі, олардың пайда болуы, ауысуы және тоқтатылуы мемлекеттік тіркеуге жатады. Сондықтан меншік иесі жылжымайтын мүлікке қатысты мәмілені өз құқықтарын мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін ғана жасауға құқылы.

Сот тәжірибесінде мәмілені жарамды деп тану туралы талаппен бір мезгілде, сол тұрғын үйге меншік құқығын тану туралы талап қойылған жағдайлар да кездеседі.

Айта кету керек, егер сатып алушыға сот мойындаған жарамды мәмілені тіркеуші органда тіркеу құқығын беретін мәмілені жарамды деп тану туралы талап қойылса, демек, оның тұрғын үйге меншік құқығы болса, онда меншік құқығын тану туралы талап қою артық.

Мәмілелерді қолдану аясының алуан түрлілігі судьялардан нормативтік құқықтық актілер туралы көбірек білуді, ал азаматтар мен заңды тұлғалардан қолданыстағы заңнамаға толық сәйкес мәмілелер жасасуды талап етеді.

ЛЕБІЗ

# КӨПКЕ ПАНА, ҚЫСЫЛҒАНҒА ҚОРҒАН БОЛҒАН ЕЛ



**Марат ОМАРБЕКОВ, Тараз қаласының мамандандырылған тергеу сотының аға сот приставы**

Алғыс айту – тыныштық пен үндестік, өзара сенімділік кепілі. Бұл күн – бейбітшілік пен келісім саясаты салтанат құратын күн. Қазақ халқы қиын-қыстау заманда өзге ұлт өкілдерінің басына түскен ауыртпалықты қайыспай бірге көтере білді, бұл бүгінгі таңда еліміздегі түрлі ұлт өкілдерінің арасындағы адамгершілік қарым-қатынастың өнегелі шексіз өлшеміне айналғаны бәрімізге мәлім.

Алғыс айту күні – біздің ортақ тарихымызды құрметтеудің елеулі күні. Бұл әралуан ұлт өкілдерінің өз Отанына айналған киелі қазақ жері мен кеңпейілді қазақ халқына терең тағзымының белгісі.

Қазақ көпке пана, қысылғанға қорған болған ел. Атаулы күнді мерекелеудің басты мақсаты Қазақстан халқының бірлігі мен қоғамдық келісімін одан әрі нығайтуға ықпал етуі тиіс. Алғыс айтудан шаршамай, бір-бірімізді қадірлейік.

КИЕ

# ТІЛДІ ҰМЫТУ – ТАРИХТЫ ҰМЫТУ

**«Адамзатпен бірге өсіп, өркендеп келе жатқан теңдесіз құбылыс – тіл. Дүниенің ешбір байлығы оған жетпейді. «Ел боламын десең бесігіңді түзе», деп дана халқымыз текке айтпаған.**




Тіл – тәуелсіздіктің айғағы. Тіл мен егемендік егіз ұғым. Тілсіз – тәуелсіздік, егемендік болмақ емес. Тіл – тәуелсіздіктің қуатты тірегі, бірлік пен ынтымақтың жығылмас туы. Қазақ елі тәуелсіздік алғалы ширек ғасырға таяу уақыт болды. Мемлекеттік тіл – қазақ тілі деп жарияланды. Қазақстанның болашағы – біз, яғни, қазақ жастары. Демек, біздің міндетіміз – қазақ тілінің мәртебесін асыру болмақ. Тәуелсіздік алғалы бері тіл саясаты жүргізілуде. Мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту мен тілге деген құрметті арттыру мақсатында көптеген мемлекеттік бағдарламалар мен іс-шаралар жүзеге асырылуда. Нәтижелері де аз емес. Алайда, жастар арасында, кейбір мекемелерде қазақ тілінің жайы ақсап тұр. Соны көріп жүрегің қан жылайды. Дәл қазіргі уақытта, халқымыздың қазақ және орыс тілдерінде сөйлейтіні бәрімізге белгілі. Алайда, орыс тілі басым екенін жасыруға еш негіз жоқ. Тіл түзелмей, қоғам түзелмейді. Қоғам ол – біз. Айналамызды түзейміз десек, бірінші өзімізден бастаған жөн.

Қазіргі таңда өзінің ана тілінде еркін сөйлей алмайтын, ойын ашық жеткізе білмейтін жандарды жиі кездестіреміз. Кішкентай бала түгілі, үлкен қарт адамдардың тілімізді шұбарлап сөйлеуі, тіл жанашырларының наразылығын тудыратыны мәлім. Шексіз бай, тегеурінді мықты туған тіліміз – асыл қазынамыз. Ең бірінші тілін жоғалтқан ел ұлт болып дамудан қалады. Ана тілі – ар өлшемі. Мәңгілік елдің – мәңгілік тілі болып қалуы үшін қандай іс-әрекетке көшкеніміз жөн? Әрине, ең бастысы тілімізге деген салт-санамызға деген құрметімізді арттыру.

Тіл – мемлекет тірегі, халықтың рухани байлығы, өткені мен болашағының айқын көрінісі. Ана тілінің қадір-қасиетін біле білген халқымыз оны ұлттың рухына, қазына байлығына балайды. Себебі, тіл – халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін-келбеті, ұлттық болмысы. Адамды мұратқа жеткізетін – ана тілі мен ата дәстүрі.

Әрбір адам өз ана тілінде сөйлеуге міндетті. Мен Отанымды, қасиетті де қастерлі мекенімді, байлыққа, қазынаға толы жерімді, ең бастысы болашағы айқын, келешегі жарқын қазақ тілімді мақтан етемін. Ана сүті бой өсірсе, ана тілі ой өсіреді. Олай болса, ата өсиетіне құлақ асып, ананың тілі арқылы бабалар аманатына адал болып, елдігіміздің нышаны болған тіліміздің туын жоғары ұстайық.

**Арай МЕДЕТОВА, Ақтөбе облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының бас маманы – сот мәжілісінің хатшысы**

ШАРА

# ҰЛЫ АБАЙ МҰРАСЫ

**2023 жылдың 15 ақпанында әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Абай ғылыми-зерттеу институтының «Абай ілімі» пәні аясында ақынның өмірі мен шығармашылығына арналған «Ұлы Абай мұрасы» атты тәрбиелік іс-шара өтті.**



Іс-шараны филология факультетінің шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасының «Шетел филологиясы (батыс тілдері)» мамандығының 2-курс докторанттары өздерінің кезекті іс-тәжірибесі аясында ұйымдастырды.

Тәрбиелік іс-шара ғылыми-зерттеу тәжірибе жетекшісі, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Лэйла Жұматайқызының басшылығымен және «Интеллектуалды басқару жүйесі» мамандығының 1-курс студенттерінің қатысуымен жүзеге асырылды.

Аталмыш іс-шараның мақсаты – студенттерді дана Абайдың шығармаларымен таныстыру, ұлы тұлға идеясын кеңінен насихаттау.

Тәрбиелік іс-шара – шығармашылық, өнер, білім беру және интеллектуалды аспектілерін дамытуға арналған бірнеше кезеңнен тұрды. 1-курс студенттері тәрбиелік іс-шара барысында белсенділік танытып, Абай ілімі пәні бойынша терең білімдерін әрі өз өнерлерін көрсете білді. Қытай елінен келген докторант Аньй Лань іс-шара барысында Абай ілімінің аспан асты еліндегі зерттелу деңгейі мен танымалдылығы жайлы ақпарат берді.

Тәрбие сағаты Абайдың Жидебайдағы музейіне онлайн экскурсиямен және ұлы ақын шығармашылығы жайлы презентациямен жалғасты. Келесі кезеңде интеллектуалды квиз форматында топ студенттерінің арасында ойын-жарыс орын алды. Абайдың музыкалық мұрасы аясында әндері шырқалып, әрі ұлы ақынның бір өлеңі қытай тілінде айтылды. Бұл бакалавр студенттеріне ұнады, олар кері байланыс орнатып, тақырып бойынша сұрақтарына жауап алды.

Ұлы ақынға арналған тәрбиелік іс-шара жоғары деңгейде өтті, ұйымдастырушылар мен қатысушылардың да көңілінен шықты.

**Л.Ж.МҰСАЛЫ, Б.ДАУТОВА, Абай ҒЗИ-дың ғылыми қызметкерлері**

# ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰҒЫРЫ

**Тіл туралы жазу, ол туралы айтудан қашпау да, жалықпау да керек. Себебі, тіл бүкіл бір халықтың жүрегі. Оның бойында ұлттық болмыс, ұлттық рух, дәстүр мен салт жатыр.**

Тіл – мемлекеттің тұғырлы тірегі, халықтың рухани байлығы, өткені мен болашағының айқын көрінісі. Тіл қай елде, ұлтта болсын қастерлі, қасиетті, құдіретті. Тіл – тәуелсіздіктің қуатты тірегі, бірлік пен ынтымақтың жығылмас туы.

Тәуелсіз Қазақстанның болашағы қазақ жастары. Демек, біздің міндетіміз қазақ тілінің мәртебесін асыру болмақ. Шындығында қазақ халқы тілге шешен, астарлап сөйлеудің хас шебері екені тарихымыздан белгілі. Өкінішке қарай, соңғы кезде көптеген қазақ жастары өз ана тілін бұрмалап сөйлеуді әдетке айналдырған.

«Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте», – дейді Қадыр ақын. Қазіргі қоғам басқа тілді үйренуге еш шек қоймайды. Дегенмен, қазақ тілін мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеруге әр қазақтың үлесі болса екен деймін.

**Тәңірберген КАФЕЗОВ, Батыс Қазақстан облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты кеңсесінің сот приставы**

## Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті «Алматы» Олимпиадалық даярлау орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны директорының бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын жалпы біліктілік талаптары:**

**1. Орналасқан жері, пошталық мекенжайы, телефоны, негізгі қызметінің қысқаша сипаттамасы көрсетілген кәсіпорынның атауы:**

«Алматы» Олимпиадалық даярлау орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны. Мекенжайы: Алматы қаласы, Тимирязев көшесі, 41, 8 (727) 386-75-89.

Кәсіпорын қызметінің негізгі мақсаты спорттық гимнастикадан, көркем гимнастикадан, батуттық гимнастикадан, жағажай волейболынан, бадминтоннан, спорттық жартасқа өрмелеуден, үстел теннисінен, қазіргі бессайыс және онымен байланысты полидисциплинарлы спорт түрлерінен, жүзуден, ашық суда жүзуден, су добынан, суға секіруден, әртістік (үйлесімді) жүзуден, сайысудан, ауыр атлетикадан, бокстан спортшылардың спорттық шеберліктерін арттыру үшін оларды жыл бойы орталықтандыра даярлауды ұйымдастыру және өткізу болып табылады.

**2. Үміткерлерге қойылатын біліктілік талаптары:**

Кадрларды даярлау бағыттары бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім: "Дене шынықтыру және спорт" мамандығы бойынша педагогикалық ғылымдар немесе бизнес және басқару немесе құқық;

Мамандығы бойынша, оның ішінде дене шынықтыру және спорт саласында басшылық лауазымдарда жұмыс өтілінің кемінде 5 жыл болуы.

**3. Лауазымдық міндеттері:**

Ұйымның өндірістік, әкімшілік-шаруашылық және қаржы-экономикалық қызметіне басшылық жасайды, қабылданатын шешімдердің орындалуын, балансында тұрған ұйым мүлкінің сақталуы мен тиімді пайдаланылуын, сондай-ақ, оның қызметінің әкімшілік-шаруашылық нәтижелерін қамтамасыз етеді. Ұйымның саясатын, стратегиясын және оны іске асыру тетіктерін айқындайды. Оқу-жаттығу және тәрбиелік процестерде спорттық-әдістемелік және материалдық-техникалық базаны ұйымдастырады және жетілдіреді. Педагогикалық кеңестің жұмысына басшылық жасайды. Ұйымның жұмыс жоспарын бекітеді. Барлық құрылымдық бөлімшелердің олардың қызметін жетілдіруге бағытталған өзара тиімді іс-қимылы мен жұмысын ұйымдастырады, сондай-ақ, олардың қызметін жоғары жетістіктер спорты мен бұқаралық спортты дамытуға бағыттайды. Жаттықтырушылардың, жаттықтырушы-оқытушылардың, нұсқаушылардың және әдіскерлердің біліктілігін арттыруды, спортшылары дайындау деңгейін және спортшылардың спорттық шеберлігін арттыруды және дене шынықтыру және спорт саласындағы шет елдің озық тәжірибесін зерделеуді қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды. Лауазымды тұлғаларға – орынбасарларына, құрылымдық бөлімшелердің басшыларына ұйым қызметінің жекелеген бағыттарын жүргізуді тапсырады. Қызметкерлерді қабылдау, ауыстыру, көтермелеу және жұмыстан шығару туралы шешім қабылдайды, ұйымның құрылымын, штаттық кестесін, ұйым қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді. Спортшылардың контингентін қалыптастырады, оқу-жаттығу және оқу-тәрбиелік процестер кезінде спортшылар мен ұйым қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығын сақтаудың қажетті жағдайларын жасайды. Тиісті саланың уәкілетті органдарына ұйымның әкімшілік-шаруашылық және оқу-жаттығу қызметтерінің есебін ұсынады. Ұйымның бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры, әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры, өнім берушілер, тапсырыс берушілер мен банктерді қоса алғанда кредиторлар алдындағы міндеттемелерінің, сондай-ақ, шаруашылық және еңбек шарттарының (келісімшарттардың) орындалуын қамтамасыз етеді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жұмыстарын ұйымдастырады, сондай-ақ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын қабылдайды дербес жауапкершілікте болады.

**4. Білуі тиіс:**

Қазақстан Республикасының Конституциясы; Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі; Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Білім туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Дене шынықтыру және спорт туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Мемлекеттік сатып алулар туралы» Қазақстан Республикасының заңдары;

педагогика, психология және физиология негіздері;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптар.

**5. Конкурсқа қатысуға үміткер тұлға конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде мынадай құжаттарды ұсынады:**

1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;

2) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;

3) білімі туралы құжаттардың көшірмелері;

4) еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі не соңғы жұмыс орнынан жұмысқа қабылданғаны және еңбек шартының тоқтатылғаны туралы бұйрықтардың үзінді көшірмелері;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген «Медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби-консультациялық қорытынды)» № 075/е нысаны бойынша анықтама.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ, бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар) ұсына алады.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау жарияланған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде: 2023 жылғы 3 наурыздан бастап 17 наурызды қоса жүзеге асырылады.

6. Конкурс өтетін күні мен орны:

Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8, Министрліктер үйі, 15-кіреберіс, онлайн форматта.

Әңгімелесу күні конкурсқа қатысушыларға қосымша хабарланады.

Құжаттар қолма-қол немесе пошта арқылы қабылданады: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8, Министрліктер үйі, 15-кіреберіс, 314 каб.

Толық ақпарат алу үшін байланыс телефондары: +7 (7172) 74-02-52, 74-05-66.

### ХАБАРЛАНДЫРУ
### қосылу жолымен қайта ұйымдастыру туралы

Құрметті кредиторлар мен контрагенттер,

Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы 050000, Алматы қ., Наурызбай батыр к-сі, 19; нақты мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Әуезов к-сі, 60, 8-қабат мекенжайы бойынша орналасқан «Сентрас Коммеск Life» Өмірді сақтандыру жөніндегі компания» АҚ, БСН 191240027810, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 48-бабына сәйкес, «Сентрас Коммеск Life» ӨСК» АҚ-ның «Коммеск-Өмір» ӨСК» АҚ-ға қосылуы нысанында заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы 050000, Алматы қ., Наурызбай батыр к-сі, 19; нақты мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Әуезов к-сі, 60, 9 қабат, БСН 911140000055 мекенжайы бойынша орналасқан «Коммеск-Өмір» Өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ және «Сентрас Коммеск Life» ӨСК» АҚ ерікті түрде қайта ұйымдастыру рәсімінің 2023 жылдың 28 ақпанынан бастап басталғаны туралы хабарлайды.

Қайта ұйымдастырудың негізі «Коммеск-Өмір» ӨСК» АҚ және «Сентрас Коммеск Life» ӨСК» АҚ акционерлерінің бірлескен жалпы жиналысының 2023 жылғы 28 ақпандағы № 01 хаттама шешімі болып табылады.

Қайта ұйымдастыру нәтижесінде «Сентрас Коммеск Life» ӨСК» АҚ қызметі тоқтатылады. «Сентрас Коммеск Life» ӨСК» АҚ-ның барлық мүлкі, құқықтары, міндеттері мен міндеттемелері (қазіргі немесе болашақта туындауы ықтимал) табыстау актісіне сәйкес «Коммеск-Өмір» ӨСК» АҚ-ға өтеді.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 48-бабының 1-тармағына сәйкес, кредиторлардың шағымдары мәлімдеу мерзімі осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай.

Шағымдар келесі мекенжай бойынша жіберілуі мүмкін: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Әуезов көшесі, 60, 9 қабат, тел.+7 (727) 244 74 00.

### ХАБАРЛАНДЫРУ
### қосылу жолымен қайта ұйымдастыру туралы

Құрметті кредиторлар мен контрагенттер,

Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы 050000, Алматы қ., Наурызбай батыр к-сі, 19; нақты мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Әуезов к-сі, 60, 9-қабат мекенжайы бойынша орналасқан «Коммеск-Өмір» Өмірді сақтандыру жөніндегі компания» АҚ, БСН 911140000055, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 48-бабына сәйкес, «Сентрас Коммеск Life» ӨСК» АҚ-ның «Коммеск-Өмір» ӨСК» АҚ-ға қосылуы нысанында заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы 050000, Алматы қ., Наурызбай батыр к-сі, 19; нақты мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Әуезов к-сі, 60, 8 қабат, БСН 191240027810 мекенжайы бойынша орналасқан «Сентрас Коммеск Life» Өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ және «Коммеск-Өмір» ӨСК» АҚ ерікті түрде қайта ұйымдастыру рәсімінің 2023 жылдың 28 ақпанынан бастап басталғаны туралы хабарлайды.

Қайта ұйымдастырудың негізі «Коммеск-Өмір» ӨСК» АҚ және «Сентрас Коммеск Life» ӨСК» АҚ акционерлерінің бірлескен жалпы жиналысының 2023 жылғы 28 ақпандағы № 01 хаттама шешімі болып табылады.

Қайта ұйымдастыру нәтижесінде «Сентрас Коммеск Life» ӨСК» АҚ қызметі тоқтатылады. «Сентрас Коммеск Life» ӨСК» АҚ-ның барлық мүлкі, құқықтары, міндеттері мен міндеттемелері (қазіргі немесе болашақта туындауы ықтимал) табыстау актісіне сәйкес «Коммеск-Өмір» ӨСК» АҚ-ға өтеді.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 48-бабының 1-тармағына сәйкес, кредиторлардың шағымдары мәлімдеу мерзімі осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай.

Шағымдар келесі мекенжай бойынша жіберілуі мүмкін: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Әуезов көшесі, 60, 9 қабат, тел.+7 (727) 244 74 00, +7 701 244 74 00.

## ТАРАТУ

4. «Жалпақтал Жалынды Жастары» жастар қоғамдық бірлестігі (БСН 170940033993) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, БҚО, Казталовка ауданы, Жалпақтал ауылдық округі, Жалпақтал ауылы, Ғарифолла Құрманғалиев көшесі, 10-үй.

5. «КЭМП-ВОСТОК» ЖШС-нің Шығыс Қазақстан облысы, Күршім ауданы бойынша филиалы (БСН 150641026288) (Күршім, Тохтаров көшесі, 38) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдарды «КЭМП-ВОСТОК» ЖШС (БСН 070240014801) осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылдайды: ҚР, Өскемен қаласы, Самарское шоссе көшесі, 22, 207-бөлме.

11. «Мила-Лай» ЖШС, БСН 041140001982 (100600, Қарағанды облысы, Жезқазған қаласы, Мира көшесі, 3-үй, 3-пәтер) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдарды осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Жезқазған қаласы, Құрманов көшесі, 14-үй, 2-пәтер. Тел. 87102722364.

12. «Арал ауданының мемлекеттік сатып алу бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, БСН 180140006176, Арал ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 1 ақпандағы №10-қ қаулысына сәйкес таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Арал қаласы, астана көшесі, №33 үй.

14. «Аруана Несие серіктестігі» ЖШС, БСН 121040000333, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Атырау облысы, Исатай ауданы, Зинеден ауылы, Атамекен көшесі, 16/1, тел.: 87758021805.

17. «Азамат» өндірістік кооперативі (БСН 970440009992) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 021212, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Зеренді ауданы, Қарлыкөл ауылы, Бейбітшілік көшесі, 23 үй.

## ЖОҒАЛТУ

2. «KazBioChem» ЖШС филиалы, БСН 180641033246, заңды тұлға филиалының орналасқан/тіркелген жері: ҚР, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Бөгенбай батыр даңғылы, 24/2- үй, 53-пәтер, пошта индексі 010000, Астана қаласындағы Филиалы туралы ережесінің түпнұсқасы жоғалғандығы туралы хабарлайды және оны жарамсыз деп санауды сұрайды.

## ӘРТҮРЛІ

3. «Абзал-Кредит микроқаржы ұйымы» (БСН 031240000391) ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне ерікті түрде микроқаржы қызметін жүзеге асыруға берілген лицензиясының (лицензия № 02.21.0033.М., 16.03.2021 ж. берілген) қолданылуын тоқтату туралы өтінішпен жүгінгені туралы хабарлайды.

10. «Кредит Сервис Ломбард» ЖШС өтелмеген мүлікті сату бойынша аукциондар өткізеді.

Өтетін орны: Астана қаласы, А.Кравцов көшесі, 6

Өткізілетін күні: 10.03.2023-20.03.2023

Анықтама телефоны: +7 775 371 29 69

Аукционға қойылған жылжымайтын мүлік тізімімен lombardkz.kz сайттан танысуға болады.

Лиц. 01.21.0009Л

9. «Алматы Эталон зауыты» ЖШС, БСН 050640003450, ҚР ЕК 96-бабына сәйкес, 10.4.2023 ж. сағат 10.00-де Алматы қаласы, Түрксіб ауданы, Стасов көшесі, 68 мекенжайында Қоршаған ортаны қорғау бөлімін әзірлеу туралы ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтеді.

Құжаттама пакетімен https://ecoportal.kz/ бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ «Алматы қаласының Экология және қоршаған орта басқармасы» сайтында https://www.gov.kz танысуға болады. Барлық ескертулер немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталда қоғамдық тыңдаулар өтетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмеуі тиіс. Мекенжайы: Алматы қаласы, Әуезов көшесі, 82. Тел.: +77279721837, эл.пошта: u.prirp@almaty.gov.kz.

Төтенше жағдай және шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантиндік, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн режимінде өткізіледі. Белсенді сілтеме Бірыңғай экологиялық порталда және «Алматы қаласының Экология және қоршаған орта басқарма» сайтында. Онлайн қосылымға сілтеме: https://us05web.zoom.us/j/9641759466?pwd=NlcwM0I2R2RzNHRtTGpxc0pYaFh6Zz09. Конференция ID: 964 175 9466, Коды: 1234, Бастамашы туралы мәліметтер: Алматы қаласы, Түрксіб ауданы, Стасова 68 көшесі, БСН 050640003450, mukashev-79@mail.ru, тел: +77059997117. Әзірлеуші туралы мәліметтер: «Өнім сапасын сынау орталығы» ЖШС, Алматы қ., Райымбек даңғылы, 348/4. БСН 950540001322, Тел.+77273970816.

16. Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ, БСН 190940010026, Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ және Кентау қаласы әкімдігінің «Кентау қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ бөлу арқылы өзінің қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Кентау қаласы, Ахмет Ясауи даңғылы, 85-үй.

15. «Акдым-1» ЖШС (ЖСН 990440004526) өз қатысушыларына кезектен тыс жалпы жиналыстың өткізілетіні туралы хабарлайды. Жалпы жиналыс мына мекенжайда өтеді: Ақмола облысы, Ерейментау ауданы, Күншалған ауылдық округінің мектебіндегі мәжіліс залы.

Жалпы жиналыстың өтетін күні мен уақыты: 17 сәуір 2023 жыл, сағат 12:00.

Күн тәртібінде: Серіктестік қатысушыларының Серіктестіктің жарғылық капиталына қатысу үлесін сату тәрібін бекіту

13. Бейнебайқау қызметін жасайтын «Защита» компаниясынан Алматы қаласының тұрғындарына хабарландыру! Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің № 226 01.07.2022 ж. «Электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту туралы» бұйрығы 2023 жылдан бастап қолданысқа енгізіледі. Осы хаттаманың негізінде ай сайын төлем ақысы 30 пайызға өсірілді. Төл құжаты ( ), ИИН (), директоры ().


## Баспасөз – 2023



**Құрметті оқырман!**

**«Заң газеті»** және **«Юридическая газета», «Заң», «Фемида»** басылымдарына жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге салғымыз келеді.

**Төл басылымдарыңыздан қол үзіп қалмаңыздар!**

Біздің басылымдарға **«Қазпошта» АҚ** бөлімшелері, **«Қазпресс» ЖШС** дүңгіршектері және Алматы қаласындағы **«Дауыс»** жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

✓ **«Заң газеті»**

*жеке тұлғалар үшін* – 65921,

**ҚАЛАЛАРҒА:**
6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4284,66 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 8569,32 ТЕҢГЕ

**ОБЛЫСТАРҒА:**
6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4506,06 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 9012,12 ТЕҢГЕ

*заңды тұлғалар үшін* – 15921

**ҚАЛАЛАРҒА:**
6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 5184,66 ТЕҢГЕ , 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 10369,32 ТЕҢГЕ

**ОБЛЫСТАРҒА:**
6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 5406,06 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 10812,12 ТЕҢГЕ

zanreklama@mail.ru



## ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

**Алматы қаласы**

Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:

zanreklama@mail.ru

zanreklama.kz

## ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

**ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.**

**ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.**

**«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.**

**ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.**

**«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС,** Павлодар қаласы,Крупская көшесі,61,кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

**«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com**

**ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.**

**ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.**

**Арлан-консалтинг ЖШС,** Семей қ.,К.Мұхаметханов көшесі,23 «А»,104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701

**«Грация» ЖШС,** Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

**«ЮрСлужба» ЖШС,** Көкшетау қ.,Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747)8097074.

**«Версия-Пресс» ЖШС,** Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

**Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК,** Петропавл қ.,К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

**ЖК «Бакирова Г.»,** Шымкент қ.,Желтоқсан көшесі,18. Әділет Департаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

**Михеева Ольга Станиславовна ЖК,** Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы),Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

**«Озат-1» ЖШС,** Ақтөбе қ.,Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

**ЖК «SAPA KZ»** Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,e-mail:zan-at@mail.ru.

**«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС** Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

**«Реклама» ЖШС,** Орал қ.,Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

**ЖК «Сагидоллина Б.»,** 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8,«Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru,Тел: 87058762218.

**«Компания Жете» ЖШС,** Талдықорған қ.,ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

**ЖК Гавриленко И.И.,** Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

**«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.**Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

**ЖК Тажибаева,** Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

**ЖК Новоселова Лилия,** Петропавл қаласы,Қазақстан Конституциясы көшесі,28-үй,1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

**ЖК «Reklam Servise»,** Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

**ЖК «Выдай»,** Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

БАРЛАУШЫ ЖАЗБАЛАРЫ

# ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН МАХАББАТ



Махабат пен детектив араласқан бұл әңгіме Эдит Пиафтың әніндегідей нәзік жанның шырмауы көп өміріне арналғандай. Оның бір жағында сүйікті қаласы Алматы тұрса, бір жағында – КГБ-ға байланысты шытырман тағдыры. Сонымен...

Өткен ғасырдың 70-жылдарының орта шамасы. Қосан жоғары оқу орнын бітіріп, ағылшын мен француз тілі маманы ретінде Алматыдағы орта мектептің бірінде мұғалім болып жұмыс істейтін. Сол кездерде Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат қызық мол жылдар» кітабын кәрі-жас демей, елдің бәрі қолдан-қолға тигізбей оқитын. Кітаптың құдіреті ме, жоқ әлде жастықтың буы ма, ауылдан келген Қосан үшін Алматы жастар мен махаббат қаласы іспетті көрінген. Қаланың ауасы белгілі әндегідей «жаныңа от беретін», көңілді көбелектей көкке көтеріп, сезіміңе желік беретіндей еді.

Жаздың білінбей зымырап өтіп жатқан күндерінің бірі. Шамамен кешкі сағат оннан асқан. «Горький» саябағы аялдамасынан қала ішіне қарай жылжи бастаған троллейбусқа жүгіріп жетіп, Қосан ырғып мініп алды. Алматыға қыдырып келген мектептегі сыныптастарымен саябақта күні бойы бірге болып, дәмханада аздап шарап ішкен жігіттің көңілі романтикаға толы, «бес». Троллейбуста тек 3-4 жолаушы ғана бар екен, соңғы орында отырған бір қыздың қасына отыра кетті. Есімі – Ақжан, айтуынша әйгілі Қыздар педагогикалық институтының 5-курс студенті болып шықты. Қосан мақтанғандай болып французша сөйлегені сол еді, әлгі студент қыз да қалыспай, француз тілінде сайрай кеткені бар емес пе! Не керек, сол күннен бастап шетел тілінің арқасында екеуі жиі кездесе бастады. Ақжан тек шет тілі емес, тарих, философия салаларынан да мықты болып шықты. Әке-шешесі интеллигент, оқыған адамдар болғандықтан болар, ол мәдениетті әрі тәрбиелі еді. Өмірдің көшіне ілескен Қосан мен Ақжан бұл кезде жастықтың буымен бақытты да тәтті шақты бірге өткізіп жатқан еді.

## Сынақ

Екі жастың бір-бірінен жасыратын сыры жоқ. Тек Қосан бір ғана әңгімені айтпады. Дәл сол жылы ол КГБ-ға қызметке тұру үшін тексеріс үстінде болатын. Содан болар, оған дейін өзі де көңіл аудармаған мінез пайда болғандай. Атап айтқанда, ол айналасын мұқият тыңдап, бөтен адамдармен ойланып сөйлесетін болды. Күмәншіл жігітке тіпті, Ақжан да соңғы уақытта орынсыз сұрақтар қоятындай көрінді. Одан қалса Қосанды сынағандай «жауға тұтқынға түссең кайтесің, миллион ұтсаң не істер едің» деген сынды ойға сыймайтын сауалдарды жиі қоятын. Оның бұл қылығын Қосан қыз баласына тән мінез деп бағалады да қойды.

Әйтсе де Қосан Ақжанға шын ғашық болғанын тек Мәскеудегі КГБ-ның арнайы оқуына келген кезде ғана түсінді. Алғашқы жарты жылда Ақжаннан бірен-саран хат келіп, сосын тіпті тоқтап қалды. Ал Қосанның оған деген хаттары махаббатқа толы сезімдермен жолда адасып жүргендей көрінді, тіпті, жеткен-жетпегені белгісіз. Дегенмен, Ақжаннан кейде салқындық байқаса да, Қосанның жүрегі қыздың өзін жақсы көретінін сезетін.

## Мылтықсыз майдан

Әлі есінде, бір жылдан кейін каникулға шығар алдында Ақжаннан тұрмыс құрғаны жайлы хат келді. Қосан үшін дүние төңкеріліп түскендей болды. Ессіз сүйіп, шын жүректен жек көрудің не екенін басымнан өткердім – деген Қосан, өзін бақытсыз сезінді. Уақыт өте келе Ақжаннан шын қол үзгеніне сеніп, оны ұмыта бастады. Әттең, қызға не болғанын сол кезде білсе ғой, мүмкін жағдайды өзгертер еді. Бәлкім бүгінгідей арманда қалмас еді.

Кеңестік кездің саясатының ауасын жұтып, асын ішкендер жақсы біледі. Ол кезде бірбірімен жұлдызы қарсы саяси жүйелердің арнайы қызметтері арасында көрінбес теке-тірес, мылтықсыз майдан жүріп жататын. Көзге түспейтін текетірес мемлекеттердің барлау қызметтері арасында ешқашан толастаған емес. Әсіресе, екі саяси күш – Кеңес пен Батыс әлемі ит пен мысық боп, бастары бір қазанға сыймай, әлек болып жататын. Ал екі әлемнің бір-біріне ашқан көрінбейтін соғысындағы түрлі арандатушылықтардың авторы мен орындаушылары арнайы қызмет екені еш күмән туғызбайтын.

Страсбург қаласы – Францияның солтүстік шығысындағы тарихи аймақ. Қала тар көшелерімен, фахверк үйлерімен және көптеген университеттерімен ерекшеленеді. Германияға қарыс қадам жерде тұр. Екінші Дүниежүзілік соғыстан кейін Европа Кеңесі ұйымы орналасып, Батыстың бас астанасы болып саналады. Қосан Клебер алаңына дейін арнайы қызмет органдарының сырттай бақылаушыларының көзіне түспеудің бар амалын жасап, ақыры мақсат тұтқан жеріне келді.

– Ғафу етіңіз, сізде ғана бар деп естідім, 36-өлшем, Кензо маркалы аяқ киім бар ма?

– Кешіріңіз, әзірге ол өлшемдегі туфли жоқ. Қаласаңыз, Кензо брендті жасыл түсті шарф бар.

– Жо-жоқ, рахмет мен қызыл түстісін Парижден алғанмын.

Әдейі ойластырылған бұл диалог – құпия байланыс сөзі. Аңдыған адам түсіне қоймайтын. Осы кездесу Ақжан үшін тосын болса да, Қосан үшін көптен армандаған сәт еді. Дегенмен бұл жолы Ақжан сәл қызарғаны болмаса, Қосанды танитындығын түк сездірмей, сыр бермеді. Иә, Орталық Қосанға Европадағы іске асыратын арнайы тапсырманы жүктегенде Ақжан жайлы ашық айтып, қауіпсіздік ережелерін сақтау қажеттігін қатаң түрде басып жеткізген болатын. Оған жүктелген тапсырмалардың бірі Ақжан берген материалдарды орталыққа дипломатиялық поштамен жеткізу еді.

## Өкініш

Осы бір қас-қағым сәттегі жүздесуде Қосан Ақжанның көздерінен елге деген сағынышпен қатар, әлдебір именуді, өзін кінәлі сезінген жанның көзқарасын көргендей болды. Көз алдынан Горький саябағының сары күзі мен қол ұстасқан ғашықтардың бейнесі кино лентасындай жүріп өтті. Бірақ бұл – сезімге тыйым салынатын мамандық. Мұнда сезімнің қайта оралуына, тіпті, оралуына емес-ау, кейде жарқ етіп жануына да рұқсат алу қиын. Ақжан туралы мән-жайдың бәріне қанық болып алған Қосан оны әріптесі ретінде түсінсе де, ғашығы ретінде түсіне алмайтынына көзі жетті. Жылдар бойы жүрегінде сақталған үмітін мәңгіге жоғалтқандай дүкеннен шығып кете барды. Ол әлдекімге өкпелі еді. Бұдан соң Қосан мен Ақжан жүздесе алмады, тіпті, екеуі де отставкаға шыққанда да кездесуге ұмтылмады.

***P.S. Орталықтан алынған ақпаратқа сәйкес, парфюмерия дүкендері мен сұлулық салондары бар «Інжу бикеш» Еуропада орналасқан НАТО құрылымы жайлы ақпарат жинаумен айналысқан. Ол ешқашан тұрмысқа шықпаса да, өзін жоғары дәрежелі бюрократтың немесе бір елшінің жұбайы сияқты ұстайды. Әрқашан нәзіктік пен тектілікті паш еткендей қылығы бар, киімі мен киіну әдісі еуропалық стильде. Ақсүйек, кірпияз түр-тұлғасына сай аса жоғары интеллектуал жан. Айтпақшы, КГБ-нің отставкадағы полковнигі.***

**Бахытжан ТАСТАНБЕКОВ**

ҚЫЛМЫС ПЕН ЖАЗА

# ТАСЖҮРЕК

Жауыздық атаулыда мейірім мен аяушылықтың тамшыдай болса да белгісі болса, мүмкін мұндай аса ауыр жағдайлар орын алмас па еді деп ойлайсың. Әй қайдам, о баста Адам атаның ұлдары Абыл мен Қабылдың арасындағы жаулық бекерге орнамаған ғой. Осыдан соң періште мен сайтанның мәңгілік бітіспес майданы ашылғаны жайлы аңыз бар. Соның бірі адамның адамға қарсы жасайтын қысастығы мен қара ниеттілігі. Қылмыс қай кезде де қоғам өмірінде қолдауға ие болған емес. Керісінше айыпталып келеді. Әлдекім опасыздықпен ойға алған қылмыстық пиғылын орындаса, біреулер азғындық жолына түсіп, спиртті ішімдікпен нашақорлық құлына айналады. Оның ақыры жауыздықпен жантүршігерлік оқиғаға құрылады. Қалай десекте қылмысты жасаушылар тиісті жазасын алмай, оларды ақтауға болмас. Қылмыскер қашан болмасын өз іс-әрекетін дұрыс деп бағалап, одан өзінше «шындық» іздеуге тырысады. Тергеу кезінде де олар әрненің басын бір шалып, өз іс-әрекетінен ақиқат іздеген сияқтанады.

Шын мәнінде айыпталушы өзінің адасқанын мойындаудан қорқады. Алайда адамзаттың жасаған күналарын бақылап тұратын құдіретті күш оларға бәрібір шындық ауылынан алыс кетпеуге мәжбүрлейді. Жердегі қоғам заңы мен жазылмаған табиғат заңы түптің түбінде әділетті орнатары анық. Бұл өмірдің өзінде сан мың мәрте дәлелденген құбылыс.

Осыдан жиырма екі жыл бұрын 2000 жылы қыркүйектің 4-інде Бостандық ауданы Таугүл ықшамауданындағы көп қабатты үйлердің біріндегі пәтерден үш адамның азаптап өлтірілген мәйіті табылған болатын. Жантүршігерлік көріністі көргендер естерінен танды. Қылмыстың қатыгездікпен жасалғаны сонша, тасжүрек жауыздар 10-12 жастағы екі жасөспірім қызды анасымен қоса бауыздап өлтірген. Жуынатын бөлме ішіндегі ваннада қол-аяқтары маталған қыздардың денесі бірінің үстіне бірі тасталған. Малша бауыздалған жандардың суық та сұсты картинасын көз алдыңа қайта әкелгенде өкініш өрті өзегіңді шарпыры хақ.

Жатын бөлмедегі үйме болып төңкеріліп жатқан киім-кешек ортасында үй иесі Алтынның өлі денесі жатыр. Аса қатыгездікпен жасалған қылмысты көрген құқық қорғаушылар жағаларын ұстады. Астаң-кестеңі шыққан үйден қылмыскерлер сөзсіз мол ақша іздегені аңғарылып тұрды.

Полиция сарапшылары әрбір затты, көзге түскен ұсақ детальдарды мұқият қарап, қылмыс таңбаларын іздеуді қолға алды. Қол-саусақ таңбаларынан қылмыстық топ мүшелерінің жеке дерегін табу қиындық туғызды. Алайда, әбжілдік пен кәсіби ізденіске негізделген қылмысты іздестіру мамандары күдіктілердің саусақ іздерін ІІМ Орталықтандырылғын дактилоскопия базасына енгізіп қояды. Бұл қылмыстың республиканың қандай өңірінде орын алмасын, сол жерден саусақ таңбаларын салыстыруға мүмкіндік әпереді.

Бүкіл Алматы тұрғынының үрейін ұшырған қылмысты ашу жергілікті құқық қорғаушылар мен ІІМ-нің тәжірибелі із кесушілердің мойнына жүктелді. Өзін қорғансыз әйел мен екі қызды өлтіріп күшті сезінген айуан бостандықта ұзақ тайраңдаймын деп ойласа керек. Үш ай бойы Ақтөбеде алаңсыз сайрандап жүрген Айбарды 2000 жылы желтоқсанда әлдебір қылмысқа күдікті ретінде тұтқындайды. Оның саусақ таңбаларын алу кезінде құқық қорғаушылар Алматыда өлтірілген үш адамның өліміне қатысы бар болғанын анықтады.

Дереу тергеу мақсатында Алматыға жеткізілген ол өзінің сыбайластарын көпке дейін айтпауға тырысты. Алайда аса ауыр қылмыстың жауапкершілігін жалғыз өзіне алғысы келмей «достарын» ұстауға «қол ұшын» беруге келісті.

Қаланың әр ауданында жасырынып жүрген екі қорқау да қолға түсті. Тегеурінді тергеу барысында соңғы екеуі Сәбит пен Нұрқан жалпы аталған қарақшылық пен қасақана кісі өлтіру оқиғасының жоспарын сызған Айбар болғанын жеткізді. Айбарды жеке сұрау барысында ол марқұм болған Алтынмен жақын ағайынды адамдар екенін жасырмады. Таугүл ықшамауданында тұратын Алтынның жұбайы болмаған. Екі қызымен қалған оны өмір сыны әбден шыңдаса керек. Алматыдағы әмбебап-сауда базарында алғашында күнделікті ішім-жем үшін сауда-саттыққа барған ол кейінірек өз кәсібін кеңейтіп контейнер алады. Қомақты қаржы таба бастаған соң пәтер сатып алып, тіпті үйіне азын-аулақ жиһаз ала бастады.

Міне мұның бәрін сырттай білетін Айбардың ішіне пышақ айналмайтындай дәрежеге жетті. Ол өзінің арам пиғылын іске асыруды көптен ойлап жүрген болатын. Ақыры өзі сияқты «сырттандарды» көп ұзамай оңай тапты. Өзі бұрын да қарақшылық шабуыл жасап сотты болған еді. Мұны білетін туысы Алтын Айбармен көп араласпауды ойлаған болуы бек мүмкін.

Күреңіткен қыркүйек туғанда олар арам ойын арқалап «Таугүлге» келді. Айбар қорқауларымен бірге Алтынды күтіп аулада арақ ішіп отырды. Сырттан қарағанда сылқита арақ ішіп отырған қаңғыбастарға көбірек ұқсаңқырайтын оларға аула тұрғындарының ешқайсысы жіті назар аудармаған тәрізді. Сонадайдан Алтынның сұлбасы көрінгеннен ол серіктестеріне «еріңдер» деп ым қақты. Асығыс Алтынның ізін ала жоғары қабатқа көтерілген олар есік қоңырауын басты. Сол мезет өздері үшін қайғылы оқиғаға ұласарынан мүлдем бейхабар Алтын Айбардың дауысын танып есікті аша салды. Үйге топ болып енген оларды көрген Алтын алғашында абдырап қалғанымен, өтірік мүләйімсіген туысынан секем ала қоймады.

Ас үйге қарай «қонақтарын» оздырған бейбақ әйел төргі бөлмені жинауға кіріскен болатын. Балалар бөлмесінде сабақ жазып екі жасөспірім қыз тосын қонақтардан қысылып есіктерін жауып алады. Ас үйде отырған азғын жуынатын бөлмеге кіріп керілулі тұрған жіпті қиып алып, жатын бөлмедегі теледидар дауысын қаттырақ шығарып қойды. «Не істейміз?» деген екі серігіне ыммен балалардың қол-аяғын матауды бұйырды. Қонақ бөлмедегі Алтынға тап берген Айбар «бар ақшаны алақаныма сал» деп азуын көрсете түсті.

«Үйде ақша ұстамаймын. Бәрі контейнерде қалды» деген шын сөзіне иланбаған жауыз өтірік айтасың деп оның қол-аяғын байлап кеңірдегіне пышақ апарды. Өз өмірінен бұрын қос қарғасын ойлап шырылдаған ана: «Қыздарыма тимеңдерші...» деп жалбарынды. Көзінің алды қызыл тұманға бөккен Айбар пышақтағы қанды жердегі көрпеге сүртіп келесі бөлмеге беттеді. «Ағатайлап» жылаған қыздардың мөлтілдеген жанарындағы бейкүнә жастан жүрегі дір етпеген жауыздар жуынатын бөлмеде екеуінің де азаппен жанын қиды.

Сәлден соң үй ішін аударып-төңкеріп жүріп олар небәрі 10 мың теңге тауып алады. Екі сілімтігін ерткен ол тез арада із суытуға кірісті. Дежнев көшесіне асығыс шыққан олар такси тоқтатып бастары ауған жаққа жөңкіп берді. Кім білсін, қылмыс болған кездегі жәбірленушілердің жанайқайын естіген жан болған да шығар. Жасырары жоқ, бүгінде қаланың тас үйлеріндей бедірейген көршілер бірін-бірі танымайды. Қазақы қамқор бауырмалдық пен кеңдікті жұтып жатқан қала кейде тынысыңды тарылтатыны бар.

Қалалық сот 2001 жылы қылмыскерлерге өз үкімін шығарды. Айбар 25 жылға қатаң тәртіптегі колонияға, есірік екі серігі 16-18 жылдан жазаға кесілді. Тергеу кезінде тар қапаста жатқан Айбар: «Екі қыз түсімнен шықпайды. Шыңғырған дауыстары құлағымнан кетпей қойды...» депті тергеушіге.

**Арман ЖУСАНБАЙ**

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
**Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**
Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

**Меншік иесі:**
**«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»**
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

**МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:**

| | |
|---|---|
| **Астана** | Айша Құрманғали 8 707 851 91 13. |
| **Алматы облысы** | Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84. |
| **Ақтөбе облысы** | Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83. |
| **Атырау облысы** | Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80. |
| **Маңғыстау облысы** | Жазира Әбіл 8 702 514 54 44. |
| **Қызылорда облысы** | Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86. |
| **Түркістан облысы** | Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665 |
| **Батыс Қазақстан облысы** | Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70. |

**РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:**

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

**E-mail: zanreklamaastana@mail.ru**

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
**Жеке таралым 5515 дана**
**Апталық таралым 11 054 дана**

Тапсырыс №33 Индекс 65921

**Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады**

**Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.**

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31